



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№4-5 (148-149)
Қазан, 2025 жыл



**БІЗ ЕГЕМЕНДІКТІ
ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКПЕН,
МЫЗҒЫМАС БІРЛІКПЕН
КҮН САЙЫН
ҚОРҒАУЫМЫЗ КЕРЕК**

Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасының Президенті

Ұлы мекен ұлыларды ұлықтаған

Төрінде Гурьевтің төгілген нұр,
Қыркыншы жылдардан естелік тұр.
Мұғалімдер даярлайтын орда болып,
Ашылды болашаққа алтын тұғыр.
Артқа тастап тау-тасты ағылды жас,
Боламын деп шын маман қосылды бас,
Бар баланы біліммен сусындатар
Көкейдегі армандары болу ұстаз.
Тәуелсіздік таңы атып тоқсан бірде,
Арыстарды асқақтаттық мақтан түрде,
Сол арыстың алыбы – Халел атам,
Естен кетпес есімі, ойдан мүлде.
Халел – ғалым, аурудың ата жауы,
Атыраудың аласұрған Алатауы,

Мәңгі өшпес білімнің шамшырағын,
Айып болар бұл есіммен атамауы.
Аймақтық боп абыройын асырды,
Талай-талай бәйгелерден бас ұрды.
Сан, сапамен шектелмейді шежіре,
Әрбір жеңіс – тарихтың бір асуы.
ІТ, ұстаз, агроном салалар,
Көш бастаған жастар білім саралар,
Алтын ұстаз, аяулы жан, білгірлер,
Нұрлы күннің шуағына пара-пар.
Ұлы мекен ұлыларды ұлықтаған,
Тарихы мен салт-дәстүрін ұмытпаған.
Құтты болып әр жеңісің, жетістігің,
Алға қарай жасай бер үлкен қадам!

Илияс СЕМБАЙҰЛЫ,
физика, математика және ақпараттық
технологиялар факультетінің 2 курс студенті



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



Жиында кеңес төрағасы М.Е. Рахметов 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен мен кеңес құрамын таныстырды. Сондай-ақ, 2026–2028 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру конкурсына қатысу мәселесі бойынша кеңес беріліп, жас ғалымдарды қолдау мен дамытуға бағытталған ұсыныстар қарастырылды. Жас ғалымдар кеңесі алдағы уақытта да университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, жас ғалымдардың кәсіби дамуын қолдауға және жаңа ғылыми жобаларды жүзеге асыруға бағытталған жұмыстарды жалғастырады.

Руханият жаңалықтары



Ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері Жұмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл толуына орай өткізілетін шаралар легі жалғасуда. Көптілді білім беру факультеті мен «Аманат» партиясының жанынан құрылған «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын Қадір Жүсіпке арналған кеш өтіп, онда ардагер ұстаз жұмекентанушы ретінде Ж.Нәжімеденовтің шығармашылығын талдап, естеліктерімен бөлісті.



«Сіздің кітабыңыз — біздің мұрамыз» атты бастама аясында кітапхана қорын толықтыру жұмыстары жалғасуда. Университеттің оқытушы-ғалымдары Ш.Нағимов, М.Есенаманова, А.Аралбаев алғашқылардың қатарында жеке кітапханаларынан мол рухани байлық сыйға тартты.



Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы ашық аспан астында пленэр өткізді. Онда студенттер мен оқытушылар бейнелеу өнерінің қыр-сырын бірге талқылап, жаңа идеялармен бөлісті. «Қымқалам ізімен» шара жыл сайын өткізілетін дәстүрлі шараға айналып келеді.

МЕРЕЙТОЙЛАР



Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің 85 жылдығы аясында оқу орны мен ҚР Ұлттық инженерлік академиясының бірлескен «Білім мен ғылымдағы цифрлық технологиялар мен пәнаралық тәсілдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың қоғамдағы рөлі жан-жақты қарастырылып, олардың мүмкіндіктерін тиімді қолданудың жолдары талқыланып, халықаралық деңгейдегі ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, заманауи талаптарға сай ой-пікірлер ортаға салынды. Конференция соңында қатысушылар физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Атырау облысының құрметті азаматы Ерсайын Уалитханұлы Ихсановты 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.



Сонымен қатар, университет мерейтойы қарсаңында тарихшы, өлкетанушы, ғалым, педагогика ғалымдарының кандидаты, профессор Шахман Нағимұлы Нағимовтың 80 жасына арналған «Профессор Ш.Нағимов еңбектеріндегі тарих, мәдениет, білім мәселелері және өңірлік зерттеулер» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Шахман Нағимұлына ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов ордені табысталды. Абылай хан

атындағы әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің проректоры Ә.Т.Чакликова мерейтой иесіне аталған оқу орнының Құрметті профессоры атағын табыстап, Ағарту қызметкерлері облыстық кәсіподағының төрағасы Қылышбай Сүндетұлы КСРО Халық мұғалімі Құсиын Айтқалиев атындағы «Үздік педагогикалық қызметі үшін» төсбелгімен марапаттады.

Спорт жаңалықтары



мемлекеті Лиму қаласында жастар арасында Әлем чемпионаты өтті. Осы чемпионатта инновациялық білім беру факультетінің 2 курс студенті Дана Абдирова 57 келі салмақта күміс медаль жеңіп алды. Спорт сайысына әлемнің 65 елінен 463 спортшы қатысқан.



Тамыз айының 27–30 аралығында Болгария мемлекетінің София қаласында жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты өтті. Осы чемпионатқа дзюдо күресінен 66 келі салмақта инновациялық білім беру факультетінің 1 курс студенті Роллан Қайырғали жүлделі ІІІ орын алды.

Қыркүйек айының 11–12 аралығында Индонезия мемлекетінің Джакарта қаласында жасөспірімдер мен жастар арасында дзюдо күресінен Азия чемпионаты өтті. Осы жарыста инновациялық білім беру факультетінің 1курс студенті Заманбек Бақтығали 66 келі салмақпен жасөспірімдер арасында жүлделі ІІ орын иеленді және жастар арасында Шынар Бітімбай 70 кг салмақта қыздар арасында жүлделі ІІ орын иеленді.

Қазан айының 4–7 аралығында Перу





ЖИ АЛАҢЫНДА - ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН ТЫҢ ЖОБАЛАР

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 29 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жасанды Интеллект Апталығы (AI Week) болып өтті. Апталық аясында осы уақытқа дейін Атырау Hub-пен бірлескен буткемп, профессор-оқытушылар құрамының практикалық мастер-класстары, студенттер ұйымдастырған workshop, қызықты пікірталастар және факультеттерде семинарлар өткізілді.

AI Week ic-шаралар апталығы «AI: Білім, ғылым және өндірістегі мүмкіндіктер» тақырыбындағы панельдік сессиямен ашылды. Оған университет ректоры С.Н.Идрисов жетекшілік етіп, білім, IT және өндіріс саласының жетекші мамандары жасанды интеллектінің қазіргі жетістіктері мен болашақтағы мүмкіндіктері туралы құнды пікірлерімен бөлісті.

Сессияда білім берудегі инновациялар, студенттердің жасанды интеллектіні қолдануы және академиялық ортада этикалық тұрғыда пайдалануы, ғылым мен зерттеудегі серпіліс мәселелері көтеріліп, үлкен тілдік модельдердің (LLM) сапасын арттыру және оларды ғылым мен өндірісте қолданудың жаңа жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, өндіріс пен бизнестегі жасанды интеллект, индустриядағы аналитика мен деректер инженериясының рөлі, сондай-ақ, медицинадағы жасанды интеллектінің дәрігер көмекшісі ретіндегі әлеуеті талқыланды.

Спикерлер Ақмарал Құжиева («Strikeplagiarism» ЖШС), Аслан Джұмағазиев («Жігермұнайсервис» ЖШС), Рүстем Құсайынов («Тенгизшевройл» компаниясы), Асқар Алдан («Teren-oi» ЖШС), Нұрсулу Сүлейменова («BMG UpSkills» ЖШС), Равиль Каржауов («АтырауHUB»), Әсем Құсайынова («NORSEC» ЖШС) өз салаларындағы тәжірибелерімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Апталық барысында қауымдастырылған про-

фессор, PhD М.Ж.Мухамбетова «Жасанды интеллект модельдері мен үлкен деректерді өңдеу: білім берудегі жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында баяндама жасап, тәжірибе жүзінде түрлі әдістерді көрсетті. Қауымдастырылған профессор, PhD М.Е.Рахметов «Білім берудегі жасанды интеллект – кәсіби бәсекеге қабілетті ұрпақтың кепілі» тақырыбын қозғап, нақты мысалдар арқылы жасанды интеллект құралдарын қалай тиімді қолдануға болатынын көрсетті.

Ал «Workshop Day: жасанды интеллект модельдері мен үлкен деректерді өңдеу: білім берудегі жаңа мүмкіндіктер» шарасы екі негізгі және өзекті тақырыпқа арналды. «Робототехникалық жүйелерге жасанды интеллектіні интеграциялау» тақырыбында бағдарламалық инженерия кафедрасының жас оқытушысы, магистр Д.Қ.Құдабаева баяндама жасады. Ол өз баяндамасында робототехниканың қазіргі дамуын, оған ЖИ-ді енгізудің маңыздылығын және бұл интеграцияның болашақ мүмкіндіктерін жан-жақты түсіндірді. Қатысушылар ЖИ алгоритмдері роботтардың қызметін қалай жақсартып, олардың «ақылды» болуына қалай ықпал ететіні туралы құнды білім алды.

Екінші маңызды тақырып – «Фишингтік шабуыл жасау кезіндегі кезіндегі AI және олардан қорғау үшін пайдалану» («AI в разработке фишинговых атак и его использование в защите от них») болды. Бұл тақырыпты Бағдарламалық инженерия кафедрасының жас оқытушысы А.А.Исағалиева жүргізді. Киберқауіпсіздік мәселесінде ЖИ-дің екі жақты рөлі – шабуыл құралы ретінде және қорғаныс механизмі ретінде қарастырылды. Бұл тақырып студенттерге қазіргі киберкеңістіктегі қауіп-қатерлер мен олардан қорғанудың тиімді әдістерін түсінуге көмектесті.


Жасанды интеллект (ЖИ) технологияла-

рына арналған студенттік шеберлік сағаттары – «Workshop Day: Твой первый AI-проект» атты ауқымды шара студенттердің ЖИ саласындағы практикалық білімін тереңдетуге және өздерінің алғашқы жобаларын бастауға ынталандыруға бағытталды. Мұнда ақпараттық технологиялар мамандықтарының студенттері өз жобаларымен бөлісіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Шараның басты ерекшелігі – баяндамашылардың өздері студенттер болуында. Олар ЖИ саласындағы өзекті тақырыптар бойынша өздерінің зерттеулері мен практикалық тәжірибелерімен бөлісті.

Сондай-ақ, бағдарламалық инженерия кафедрасы «Жасанды интеллект дәуірі» тақырыбындағы университетішілік дебат турнирін ұйымдастырып, студенттердің қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі – жасанды интеллектінің (ЖИ) қоғамға, ғылымға және болашақ мамандықтарға әсерін жан-жақты талқылауға мүмкіндік берді. Онда студенттер өз ойларын сенімді түрде қорғап, ЖИ-дің артықшылықтары мен кемшіліктерін саралады. Шараның басты мақсаты – пікірталас мәдениетін дамыту, сыни ойлау қабілетін жетілдіру және жаңа технологияларға деген қызығушылықты арттыру болды.

Тартысты өткен сайыс нәтижесінде үздік командалар анықталды. Жүлделі орындарды Көптілді білім беру факультетінің «Жігер», «Парламент» және «Жалын» командалары ретіне қарай иеленді. Сондай-ақ, турнир барысындағы өзінің шешендігі мен дәлелді сөзімен ерекшеленген Мұса Айдос Көптілді білім беру факультетінің студенті «Ең үздік спикер» атағын жеңіп алды.

Бұл шаралар университет қабырғасындағы инновациялық білім мен болашақ технологияларға деген ерекше ынтаны және ЖИ мен Big Data-ның шексіз мүмкіндіктерін барынша айшықтап көрсетуімен ерекшеленді.



УНИВЕРСИТЕТ ТҰЛҒАЛАРЫ



ҒИБРАТ АЛАР ҒИНАЯТОЛЛА АҒАЙ

1980–1985 жылдар аралығында Гурьев педагогикалық институтында тарих, қоғамтану және құқық негіздері мамандығы бойынша жоғары білім алдық. Осы кезеңде, нақтырақ айтсақ 1–2 курста КСРО тарихынан КСРО тарихы кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Ғинаятолла Нығметов дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізді. Ағайдың ең басты ерекшелігі – студенттерден терең, толыққанды білімді талап етеді. Әрбір дәріс тақырыбын оқыған кезде, оннан астам пайдаланатын әдебиеттер тізімін береді. Әрі берілген барлық әдебиет те орыс тіліндегі атақты ғалымдардың зерттеу еңбектері. Ал, семинар сабағына дайындалған кезде осы әдебиеттерді пайдалануың керек. Егер пайдаланбасаң, сенің берген жауабыңа қанағаттанбайды. 1947 жылы жарық көрген бір тарихи еңбектен И.В.Сталиннің пікірін семинар сабағында сілтеме жасаған едім. «Сабиров, мұның дұрыс, бірақ айтуға әлі ерте...» деп бағалағаны бар. Ғинаятолла ағай КСРО тарихының күрмеуі қиын күрделі кезеңі ІХ–Х ғасырлардағы Киев Русінен бастап ХҮІІІ–ғасырдың аяғына дейінгі Ресей тарихының терең білгірі ретінде танылды.

1993 жылы Атырау педагогикалық институтының педагогика кафедрасына оқытушы болып келдім. Осы кезеңнен бастап, Ғинекеңмен рухани байланысымыз жақындай түсті. Ғинаятолла ағай мерзімді баспасөз беттеріне тарихи–танымдық мақалаларын жиі жариялап тұратын және «сен, сол мақаланы оқыдың ба?» деп сұрайтын. Ағайдан үлгі алып, біз де тәрбиелік–танымдық, тарихи–тағылымдық бағытта бұқаралық ақпарат құралдарына мақалалар жаза бастадық. Газет–журналдарға жарық көрген мақаламызды міндетті түрде оқып, кездескен жерде «мақаланды оқыдым, жаман емес...» деп сұқ саусағын жоғары көтеретін. Ұстаз–ғалым пейіліне шынайы риза болушы едік.

Ғинаятолла ағайдың отбасылық қуаныштарына да араласқанымды інілік міндетім деп санаймын. Алдар ағай мен жолдасым Лесқали алып барып, «Айдар, сенің қолыңнан келеді» деп Ғинаятолла ағайдың ұлы үйленгенде, өзі мерейлі 70 жасқа толғанда той дастарханын басқартқан болатын. Осы екі қуанышқа Ғинекең аса риза болды.

Ғинаятолла ағайдың азаматтық болмысын, ұстаздық келбетін, ғалымдық ғибратын еске ала отырып, кейінгі ұрпақтарыңыз бен шәкірттеріңізге рухыңыздың шарапаты тисін демекпіз. Пейіште нұрыңыз шалқысын! Топырағыңыз торқа болсын! Иман байлығын берсін!

ҚАЙСАР ЖҮРЕКТІ ҰСТАЗ

Гурьев (Атырау) педагогикалық институты өткен ғасырдың 70–80 жылдарында біздің облысымыздағы бір ғана жоғары оқу орны болды. Әрбіреуіміз он жыл білім алған орта мектебімізден түлеп ұшқаннан кейін, 1980 жылы Гурьев педагогикалық институтында жаңадан ашылған «тарих, қоғам тану және құқық негіздері» мамандығына оқуға қабылданып, тарих–филология факультетінің студенттері атандық. Аталмыш мамандыққа қазақ бөлімі бойынша 50 студент қабылданды. 1980–81 оқу жылының 1–қыркүйегінде 115, 116 – топ студенттері оқуды бастап та кеттік. Оқу жылының алғашқы күндерінің бірінде біздің 116 – топ студенттеріне куратор тағайындалды. Гурьев педагогикалық институтындағы беделді тұлға, жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Күләш Қайырбекқызы Қайырбекованың біздің тобымызға куратор болып бекітілуі, басым көпшілігі ауылдық жерлерден келген бозбалалар мен бойжеткендерді бір мерейлендіріп тастағандай болды. Күләш Қайырбекқызы бәрімізбен танысып шыққаннан кейін, әрбір студентке қатаң талап қойып, сапалы білім алуымыз қажеттігін ескертіп, студенттердің қабілеттілігіне байланысты жауапкершілік

жүктеп, қоғамдық жұмыстарды бөліп берді. Сонымен бірге, болашақ мамандығымыз тарихшы болғандықтан, топтың фото–шежіре альбомын ашатындығын мәлімдеді. Шынында да, Күләш апайымыз айтылған сөзін іспен дәлелдеп, бес жыл бойы алған біліміміздің үлгерімін, тәртібін, қоғамдық–мәдени жұмыстарға қатынасудағы белсенділігімізді фото–шежіре альбомға тіркеп, оның нәтижесін шығарды.

Кафедрадағы басшылық қызметіне, институттағы қоғамдық–саяси тапсырмаларына қарамастан, біздің оқу үлгерімімізді, тәртібімізді үнемі бақылап отырды. Аптаның бір күнінде саяси сабақ өткізіп, топ студенттерінің саяси сауаттылығын жетілдіруге, өзіндік саяси көзқарасын қалыптастыруға ерекше мән берді. Күләш Қайырбекқызының қатаң талап етуі мен бақылауының нәтижесінде 116–топ студенттері қысқы, жазғы сессияны тек қана «жақсы» және «өте жақсы» бағаларға тапсырып, 1981 жылдың күзінде Гурьев педагогикалық институты бойынша «ХХҮІ – партсъезд атындағы топ» атағын (қазір әрине, күлкілі болып көрінгенмен) жеңіп алды.



Кураторлық қызметінде Күләш Қайырбекқызы біздің оқу үлгеріміміз бен тәртібімізге ғана емес, оқудан тыс уақыттағы өмірімізді де қадағалап, қажет болса ақыл–кеңесінде беріп отырды. І – курсты аяқтағаннан кейін, «Жас қайрат» студенттік құрылыс отрядына жазылып, біздің топтағы Насыров Исатай, Қошанов Мағзом, Ерекешов Асқар, Сәрсенғалиев Әліпқали (115–топ) және мен Махамбет ауданы, «Зауральный» кеңшарындағы «Мыңбай» деп аталатын жерде құрылыс жұмыстарында болдық. Күләш Қайырбекқызы факультет деканы Жиенбай Базарбайұлы Бакиевпен бірге бізді іздеп келіп, жағдайымызбен танысып, аналық ақыл–кеңесін айтып, «еңбек семестрін» сәтті аяқтауымызға тілектестігін білдірді.

Жоғары курстарға барғанда студенттердің куратормен сиректеу қарым–қатынас жасайтындығы рас. Дегенмен, сәл–пәл қиналған кезімізде Күләш апайды тауып алушы едік. ІҮ – курста оқып жүргенімізде Гурьев қаласына Ленинградтың (қазіргі Санкт–Петербург) опера және балет театры гастрольдік сапармен келді. Билет құны 3 сом, біздің топқа 12 билет берілді. Ол кезде институт асханасынан 85 тиынға жақсылап түскі тамақ ішіп алуға болады. Факультеттің деканатына 36 сомды жинап бере алмай, Күләш апайды іздеп бардық. Сырттай оқу бөлімі студенттеріне лекция оқып тұр екен. «Айдар–ау, баяғыдан бері маған келмейсің бе»,– деді де, студенттерге қарап, «Сендер бір ай сессияға келгенде облыстағы мәдени шараларға қатынасып, рухани–мәдени деңгейлеріңді көтеріп кетулерің керек. Староста, өз тобыңды осы концертке түгелдей алып бар», – деп пәрмен берді. Сол жерде билеттерді түгелдей өткізіп, Күләш апайдың арқасында деканаттың бір тапсырмасын орындадық.

Әрине, біз періште болған жоқпыз. Институт ішіндегі, жатақханадағы студенттердің тәртіпсіздігі мен бұзақылық әрекеттерін Күләш Қайырбекқызы өз тобымызда талқылып, топты шарасын алып, қашанда студенттердің пайдасына шешіп, бірде–бір студенттің оқудан шығып кетуіне мүмкіндік берген жоқ. Қажет болса, атааналарымызды шақырып, пікірлесіп тұратын. Бір рет қатты ренжігенде, «Мен, сендерді емес, атааналарыңды сыйлаймын ғой»,– дегені бар. Күләш Қайырбекқызы студенттердің өтірік айтқанын жаратпаушы еді. «Мені алдау үшін бір пұт түз жеу керек» немесе «ничего подобного», – деп, солқылдақ студенттерді сілкілеп алатын.

Өкінішке орай, бүгінгі күні біз Күләш Қайырбекқызының осы бір сөздерін сағынышпен еске алатындай жағдайда отырмыз. Себебі, ғибратты ғалым, қайсар ұстаз, мейірімі мол ананың жүрегі 2008 жылдың қазан айында дауасы табылмаған дерттің кесірінен мәңгілікке тоқтады. Хош бол, қадір тұтар ұстаз!

ТАЛАПШЫЛ БАСШЫ, ТАҒЫЛЫМДЫ ҰСТАЗ

Атырау аймағындағы жоғары педагогикалық білім беретін Гурьев педагогикалық институтында 1980–1985 жылдардың аралығында «тарих және құқық негіздері» мамандығында оқыдық. Тек, өз факультетіміздің ұстаз – ғалымдары ғана емес, басқа факультеттердегі студенттердің білімі мен тәрбиесіне қатаң талап қоя білетін оқытушы–профессорларды көріп, байқап жүрдік. Сондай ұстаздардың бірі – Мәкім Жүнісбекқызы Алдабергенова болатын. Біз оқыған жылдары Мәкім апай химия–биология факультетінің (қазіргі жартылыстану) деканы болып қызмет істеді. 1982 жылы педагогикалық институтта дене тәрбиесі және спорт бөлімі ашылып, оған облысымызда, республикамызда олжа салып жүрген спортшы жігіттер мен қыздар қабылданды. Аталған бөлім химия–биология факультетінің қарамағында болды. Спортшы жігіттер институт ішінде әр түрлі бұзақылық, тәртіпсіздік әрекеттерге жол беріп қояды. Сол кезде Мәкім апай КСРО спорт шебері, КСРО спорт шеберлігіне кандидат атанып жүрген зіңгіттей жігіттерді коридордың бойында тұрғызып қойып, тәртіпке шақырып, ал өздерінің кінәлі екендігін сезінген олар көздерімен жер шұқып, апайдан қатты қаймығып, көзінің сұсынан қорқатын. Осы бір орта бойлы, дембелше келген адамның «ызғарына» таңғалатын едік. Ол кездің тағы бір ерекшелігі, студенттер өзінің көзқарасы мен сүйіспеншілігін партаның бетіне жазып кететін. Кейде, химия–биология факультеті орналасқан 4–қатарға көтеріле қалсақ, партаның беті жылан жалағандай тап–таза болатын. Бұл да болса, факультет деканының тегеурінді тәртібі мен талапшылдығын көрсетеді.

1993 жылы Атырау педагогикалық институтына оқытушы болып, қызметке келдім. Кейбір жекелеген педагогикалық тәжірибе мәселелері бойынша Мәкім апаймен ақылдасып, пікірлесіп отырдық және жаратылыстану факультетінің студенттеріне педагогикалық пәндерден дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргіздім. Осыдан 5–6 жыл бұрын Мәкім апай біздің кафедраға келіп (ол кезде зоология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істейді): «Айдар, ІІ курста оқып жүргенде «Педагогика тарихы» пәнінен бір студент <3>» деген баға алып қалған екен. Ректордың рұқсатын алып отырмын. Қайта тапсырып, «өте жақсы» деген баға алса тәуір болар еді. Себебі, бұл студент университетті қызыл дипломмен бітіріп, бізде қызметке қалғалы отыр», – деп ойын түйіндеді. Мәкім апайдың қамқорлаған сол студенті, қазір ғылым кандидаты, университеттің білікті оқытушысы болып отыр.



Біздің университетімізде 2005 жылы этнопедагогика ғылымының келелі мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми–практикалық конференция өткізіліп, Мәскеу, Қалмақ автономиялық республикасы, Астрахань, Алматы, Астана, Орал, Ақтөбе, Ақтау қалаларынан ғалымдар қатынасты. Осы конференцияның пленарлық мәжілісінде орыс тілінде Мәкім Жүнісбекқызы құнды деректерге толы, саламатты өмір салтына байланысты мазмұнды баяндамасын ұсынды. Қазіргі студент жастардың жаяу жүргісі келмей, бір–екі аялдамаға көлік күтетіндігін негізге алды ма, Мәкім апай мынадай дерек келтірді: «100 грамм торт жеген адам 2 сағат жаяу жүруі керек». Бұл дерек маған да ұнады, баратын жерім 2–3 аялдама болса да, алаңдамай жаяу жүре беремін. Жоғарыда аталған ғылыми баяндамадан байқайтынымыз, Мәкім Жүнісбекқызының өзіне тән ғалымдық келбетінің болғандығы.

Өзім көріп, байқаған Мәкім апайдың ұстаздық, ғалымдық, басшылық, адами асыл қасиеттерін өткен шақта айтуға тура келеді. Себебі, өткен жылдың қоңыр күзінде Мәкім Жүнісбекқызы дүниеден озды.

АЙДАР САБИРОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Ыбырай Алтынсарин тәсбелгісінің иегері



Қос кафедрамен ашылған факультет

Университет тарихы 1940 жылдан бастау алғанымен, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің тарихы қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 14 маусымындағы қаулысы негізінде Гурьев облыстық атқару комитетінің «Гурьев қаласында мұғалімдер институтын ашу туралы» шешімі қабылданған кезден басталады. Сол кезде алғашқы физика-математика бөлімшесінің меңгерушісі қызметін 1950–1957 жылдары тех.ғ.к., доцент Ахмеджанов Хаким Ахмеджанұлы атқарған. Кейін Қазақ КСР халық ағарту министрлігінің 1955 жылғы 16 маусымындағы бұйрығымен Гурьев мұғалімдер институты Гурьев педагогикалық институты болып, ал 1957 жылы физика-математика факультеті құрылып, факультеттің алғашқы деканы – ф-м.ғ.к., профессор Ғ.Д.Дайров болды. Сол уақытта факультетте екі арнаулы кафедра, яғни физика және математика кафедралары жұмыс істеді.

Факультет 1960 жылы кең профильді математика, физика және сызу мұғалімдерін, кейіннен еңбек және машинатану мамандарын дайындап шығарды. Факультет оқытушылары мен студенттерінің күшімен машина тану лабораториясы, ағаш өңдеу, слесарлық және жону (токарьлық) цехтары бар оқу шеберханасы салынды.

Факультет құрылғаннан бері білім ұжымдары мен өндіріске мамандар дайындап, олар еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі салада табысты еңбек етуде. Олардың ішінде елімізде білім мен ғылым саласына еңбек сіңірген ғалым-оқытушылар, облысқа, республикаға, әлемге танымал мамандар, өнер мен спорт майталмандары және қоғам қайраткерлері бар.

Қазіргі таңда факультетте 73 профессор-оқытушылар жұмыс істейді, факультеттің ғылыми потенциалы 46,5 % құрайды.

Факультет бойынша төрт арнайы кафедралар жұмыс істейді: математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасы; физика және техникалық пәндер кафедрасы; информатика кафедрасы (кафедра меңгерушісі PhD К.Б.Багитова); бағдарламалық инженерия кафе-

драсы (кафедра меңгерушісі магистр, аға оқытушы И.Ж.Жанибекова).

Факультетте студенттер мен магистрлердің білікті маман болып қалыптасуы үшін соңғы үлгіге сай материалдық база қалыптасқан. Факультет орналасқан ғимаратта лектік зал, акт залы, оқу және спорт залдары, физикалық зерттеу лабораториялары, спутниктік қабылдағышпен жалғанған оқу-телевизиялық орталығы, электрондық оқу залы, ондаған компьютерлік сыныптар, жақында іске қосылған жаңа үлгідегі компьютерлермен, интернет желісімен, интерактивті тақтамен жабдықталған математика және физика кабинеттері білім алушылар қажетіне жұмыс жасауда.

Ынтымақтастық пен серіктестікті басты мақсат етіп алған факультетке қарасты кафедралар мектептермен және өндіріс орындарымен тығыз байланысты ұстап отыр. Білім алушылардың оқу жоспарына сәйкес оқу, кәсіптік, педагогикалық практикалардан және қорытынды аттестациялардан өтуге орта мектептер мен өндірістерде кафедралардың филиалдары жұмыс жасайды.

Қазіргі математика мен физика ғылымдардың күрделі кешенін біріктіретін «метағылым» болса, ал ақпараттық технологиялар (IT) – қазіргі заманауи техника жетістіктерінің басты бағыттарын айқындайтын таусылмайтын жаңа идеялар ағыны. Факультет ұжымының сан-салалы оқу-тәрбие жұмысы еліміздің жарқын болашағы үшін ынта-жігерімен еңбек ететін білімді де білікті маман дайындау ісіне жұмылдырылған. Жүргізілген жұмыстар оқытушылар, студенттер мен магистрлердің ғылыми зерттеу жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне, оқу процесінің сапалы болуына, үлгерім көрсеткішінің артуына, жас мамандардың мамандығын жетік меңгеруіне игі әсер ететіндігі даусыз. Ал, мұндай жетістіктерді қолжетімді ету – Атырау университетінің физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті ұжымының басты мақсаты.

Б.З.КЕНЖЕҒҰЛОВ,
техника ғылымдарының
докторы, профессор

Наша кузница кадров

Историко-филологический факультет (он же филологический, гуманитарный, ныне факультет полиязычного образования) – один из старейших факультетов нашего вуза, он возник в год открытия учительского института. Надо отметить, что долгое время открытием вуза считался 1950 год. Но доктор исторических наук, профессор Ахмет Аккали, выпускник ГПИ, установил: годом основания является 1940-й. Работая в архивах, он нашёл публикацию И. Сержанова, ветерана комсомола, заведующего отделом народного образования Гурьевской области. В статье «Незабываемые годы» тот писал: «В 1940–41 учебном году в педучилище обучались около 600 молодых ребят. В 1940 году в Гурьеве открылся первый учительский институт... Это было значимое событие для региона, новые достижения в деле строительства социализма».

Так был создан Гурьевский государственный учительский институт с тремя отделениями – физико-математическим, филологическим и естественно-географическим. Работали пять кафедр: марксизма-ленинизма, педагогики, физики и математики, русского языка и литературы, географии и естествознания. Но вскоре началась война, и развитие института прервалось.

Только в 1950 году институт возобновил свою работу. В 1955 году Гурьевский государственный учительский институт был реорганизован в педагогический. Первым деканом факультета был избран Н.Е.Бахарев. В 1959 году филологический факультет закончили первые выпускники.

В конце 50-х годов кафедра русского языка и литературы работает в составе историко-филологического факультета, который готовил учителей русского языка и литературы, казахского языка и литературы, истории и языка. В 1960 году из состава кафедры русского языка и литературы отделяется секция казахского языка и литературы и организуется самостоятельная кафедра, в 1961 году происходит разделение кафедры русского языка и литературы на две самостоятельные, в 1964 году отделяется секция иностранных языков, создается кафедра, которой до 1975 года руководит Н.Г.Абазова.

Все эти изменения вызываются значительным ростом контингента

студентов, расширением специальностей, по которым факультет готовил учителей. В 1960 г. открывается специальность «Русский язык и литература в казахской школе», до этого года факультет делает несколько выпусков специалистов широкого профиля «Русский язык и литература, казахский язык и литература».

С конца 70-х годов факультет активно готовит специалистов для работы в вузе. С этого года на историко-филологическом факультете функционируют филологические кафедры: казахского языка и литературы, русского языка, русской и зарубежной литературы, которые готовят учителей русского языка и литературы для русских и казахских школ, учителей казахского языка и литературы. В 1990 году кафедра казахского языка и литературы делится на две, образуются кафедра казахского языка и кафедра казахской литературы. Открывается новая специальность «Иностранный язык», создается отделение английского языка.

В 1991 году филологический факультет отделяется от исторического, с этого времени филологический факультет работает самостоятельно.

В 1996 году филологический факультет выпускает специалистов казахского языка и литературы для казахских и русских школ, а также английского языка. Первый выпуск отделения английского языка составил 28 студентов. С каждым годом увеличивается количество выпускников отделения иностранного языка. К работе на отделении привлекаются иностранные специалисты, что дает возможность студентам хорошую практику в изучении и использовании английского языка.

В настоящее время на факультете действуют четыре кафедры: кафедра русской филологии, кафедра казахского языка и литературы, кафедра методики преподавания иностранного языка, кафедра переводческого дела и иностранных языков. Факультет полиязычного образования занимается подготовкой конкурентоспособных, высококвалифицированных полиязычных специалистов.

Сания КАМЕЛОВА,
профессор кафедры
русской филологии

ӘМИН ТҰЯҚОВ

ҚАЗАҚТЫ ЖАҢАҢҒА ТАНЫТҚАН ЖЕЛАЯҚ



Әмин Тұяқовты бұрыннан білемін, қазақтың мақтанышы, бапкер болып талай жанып тұрған жігіттерді дайындаған жан. Студент кезінен есімді қалғаны, үнемі спорт киімімен жүгіріп жүретін. Бір жолы Алматыда жарыста 100 метрлік қашықтыққа суырылып атылып шығып жүгіргенін көріп таң қалғаным бар, бұл енді керемет көрініс еді. Өзінде адайдың айтып салатын өткірлігі бар, тура мінезді. Биыл мерейлі жасқа келіп жатыр, тек қана жетістіктер мен жақсылықтар тілеймін!

Мамбетов Нұролла, білім ағарту саласының үздігі, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, педагогика ғылымдарының кандидаты

... Соғыс басталған жылы кішкентай Әмин төрт жаста еді. Әкесі мен кіші әкесі майданға аттанды. Әулетте жалғыз ер адам – Әмин болды. Әжесі ба-рын беріп, тарықтырмай өсіруге, ең бастысы, әулеттің жалғыз ер кіндіктісін сақтауға жанын салды. Аталар жолы жалғасу үшін де. Тұяқтың әулеті болашаққа жету үшін де. Міне, сондықтан да Тұяқтың кішкентай тұяғының орны ерекше еді.

Әмин аға өскен ауыл Шайыр деп аталады. Шағын ғана қоныс. Орта мектебі жоқ еді. Шайырды айтамыз–ау, ол кезде бүкіл аудандағы жалғыз орта мектеп аудан орталығында ғана. Бастауыш сыныпты бітірген соң, Әмин тұрғыластарымен бірге орта мектепке ауылдан барып–келіп оқыды. Екі ара біраз жер. Кейде таң қараңғысынан кетіп, кеш бата қайтуға тура келеді. Сабаққа кешігетін кез-

дер де жоқ емес. Сондайда – жүгіреді. Сыныпта-стармен бәстесіп, екі араны қанша уақытта артта қалдыратынын есептейді.

Әмин ағаны өткен жылы сұқбатқа шақырғанымызда: «Менде арнайы дайындық қайдан болсын? Ол кезде тойып тамақ ішу бір арман болды ғой... Заман қиын еді», – деген–ді. Шынында да, бала жасынан жүгіруді серік ет-песе, мәжбүрліктен жүгірмесе, бала Әмин кейін аса мәртебелі қашықтықта КСРО, Еуропа рекорд-шысы атанар ма еді?

Және бір арқау мынадай. Әке соғыстан ауырып келді. Кіші әке қанатының астына алды. Бала Әмин қиялымен шартараптарға кететін. Алма-тыда оқығысы келетін. Бірақ отбасы жағдайы ауыр, әкесін тастап қайда кетсін? Осы кезде кіші әкесі қайтыс болды. Ол кісі мұғалім еді. Әминге көп үміт артатын. Өздері жетпеген биікке осы пер-зенттер жетеді деп сенетін. Сондықтан әжесінің құшағынан босап шыққан жас түлек Гурьевке аттанды. Сондағы педагогикалық институттың студенті атанды. Үйден келетін көмек те жоққа тән. Алматы қол бұлғап, алыста, қиял жетпейтін кеңістікте қала бергендей еді...

Соғыстан кейін көзін ашқан буын үшін педагогикалық институт та жаман емес еді. Оны бітірген жас маманды қай ауыл, қай түкпір болса да қуана қарсы алатын. Әмин Елемесұлы да осы жолмен жүрер еді. Мықты ұстаз болар еді.

Бірақ өмірдің сәті дегенді қойсаңызшы! Гурьев педагогикалық институтына Алматыдан меди-цина институтын бітіріп, Анжелика Куликова деген маман келді. Ол институт қабырғасында қоғамдық негізде жеңіл атлетика тобын ашты. Оншақты жігіт жүгіру спортымен айналыса ба-



стады. Әмин де осы қатарда еді.

Сонда алыстағы Атырауға Куликова бармаса, онда ол жеңіл атлетика секциясын тегін ашпаса, Әмин ағаның есімі алты алашқа, қала берді, әлемге



мүлде естілмес еді ғой. Міне, өмір желісінің бірі осы.

Әмин Елемесұлы табиғатынан желаяқ екенін бірден аңғартты. Ол қатарластарының бәрінен озып, бірден үшінші разряд нормативін орын-дады. 1954 жылы 100 метрге жүгіру сынында 12,3 секунд нәтижемен Гурьев қаласының чемпионы атанды. Ол ол ма, бір жылдан кейін Қазақстан Республикасының спартакиададасына Гурьев об-лысы атынан қатысып, келесі разрядтың норма-сын орындады. Осы кезде ол республика құрамасы басшыларының көзіне түсті.

Есей Жеңісұлы,
спорт журналисі

... Ол сабақты жақсы оқыды. Мектеп бітіретін жылы ағасы қатты науқастанып, қайтыс болып кетті. Әкей де сырқаттанып жүрді. Тәуір болған соң баласына «Бізге алаң болма, оқуыңды жалғастыр» деп рұқсатын беріп, Гурьевке оқуға тапсыруға жіберді. Бұл 1955 жыл болатын. Емтиханға бір күн қалғанда облыс орталығындағы пелагогикалық институттың физика факультетіне оқуға тапсы-рып, қабылданды.

Институтта оқып жүргенде алғашқы бапкері, дәрігер, жеңіл атлетикадан бірінші разряды бар жаттықтырушы Анжелика Куликованың көзіне түсті. Өте белсенді кісі болатын. Он шақты ба-ланы жинап алып жаттықтырды. Студент Әмин көп ұзамай институттағы жарыстарда алдына жан салмайтын болды. Одан қалалық, облыстық жарыстарда бақ сынады. 100, 200, 400 метрлік қашықтықтарда оған тең түсер жан жоқ екеніне көптің көзі жетті. 1959 жылы Қазақстанның чем-пионы атанды.



Әрине, ауылда жүргенде жеңіл атлетика деген спорт түрі жайлы мәліметі болған жоқ. Оның спорттағы жолы Гурьевтен басталды.

... Мен көп жыл Мәскеуде тұрғанмен өзге ұлттың қызына үйленген жоқпын, – деп жылы жымыды ағамыз, – үлкен спортта жүрген соң отбасын құру жағы көбіне кейінге ысырылып қала берді де, отыз алты жасымда шаңғыры көтердім. Зайыбым Алма – биолог, Алматыдағы қыздар педагогикалық ин-ститутын бітірген. Биология ғылымдарының кан-дидаты. Қазақтың үйіне қонақ көп келеді. Көшеде кездесіп қалған кісілерді де үйге ертіп келетін кездерім болады. Өзім де елге жиі барамын. Мұнайшылардың үлкен–үлкен мерекелерінен қалдырмайды. Сол кездері өзім танымайтын кей жігіттер келіп амандасып, «баяғыда сіздің үйіңізде қонақта болып едік» деп жатады. Ел-ден келіп, Алматыда білім алған жігіттердің бәрі қазір азамат болды. Алманың солардың бәрін жайғастырып, көңіліне қарап шығарып салып отырғанына ризамын. Әйелімді көзінше мақтаған адам емеспін. Бірақ, бүгінде жетпісті алқымдап, сексенге қарай аяқ басқан шағымда «Қазақтың әйеліндей болса менің әйелімдей болсын» деп айта аламын. Үйдің берекесін кіргізіп отырған осы кісі.

Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Қазақстан мен Татарстанға ортақ қайраткер ұлықталды



Биыл қыркүйек айында Ресейдің Қазан қаласында Татарстан Ғылым Академиясында Ш.Марджани атындағы тарих институтының залында Алаш қайраткері Уәлитхан Шарафиддинұлы Танашевке арналған дөңгелек үстел өтті. Онда Қазақстанның Татарстандағы Бас консулы Ерлан Үзенұлы Ысқақовтың қатысуымен У.Ш.Танашевтің қабірінде жаңартылған ескерткіш ашу рәсімі ресми түрде өтіп, жат жерде жерленген қайраткерге арнап ас берілді. Шараға Қазан қаласындағы Татар Муфтиятының орынбасары Хазірет Мансұр, Қазақстан жағынан У.Танашевтың туыстары: Асылбек Әмірханұлы Ибрагимов, Гүлмира Аманжолқызы Тащанова, Дариға Фаридқызы Молдағалиева және туған жеріндегі Атырау университетінен осы жолдардың авторы, Атырау облысы Мемлекеттік мұрағат бөлімінің меңгерушісі Раиса Кенжеғұлқызы Тастемірова, Ш.Марджани атындағы тарих институтының аға қызметкері тарих ғылымдарының докторы, Марина Маратқызы Имашева және басқалары қатысты. Сондай-ақ, қазақстандық делегация форум барысында Атырау университетінің басқарма төрағасы, ректор Сала-

мат Нұрмұханұлы Идрисовтың құттықтау хаты мен елден жіберген сый-сияпатын табыстады. Өз кезегінде Ш.Марджани институты болашақта Атырау университетімен ынтымақтаса жұмыс істеуге әзір екендіктерін білдірді. Бұл тарихи жадыны жаңғырту мен халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуда маңызды қадам болды. 1887 жылы Ішкі Бөкей ордасы 2-Теңіз жағалауы округі N3 болысында дүниеге келген. Ол кіші ордаға ғана емес, Ресей империясына да атағы шыққан ХХ ғасырдың 20-шы жылдарына дейін аталған өңірдегі елді басқарған Танашевтар әулетінде туып-өскен. Еліміздің, Қазақстанның тарихында Қазақ автономиясын құру және оның аумақтық шекараларын айқындау сияқты аса маңызды мәселелерді шешуде қызметі елеулі із қалдырған көрнекті қоғам және саяси қайраткер – Уәлитхан Танашев барлық уақытта да ұлттық мелекеттілік идеясына адалдық танытқан, ұлт мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен тұлға. Бұл тарихи процестердің басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Ермеков, Бақтыгерей

Құлманов, Халел, Жанша Досмұхамедовтермен қатар, Уәлитхан Танашевтың да сіңірген еңбегі зор. Олардың ұлттың тағдыры мен мемлекеттілігі үшін жүргізген жанкешті күресі мен сіңірген еңбектері жастардың жадында мәңгі қалуы керек, азаматтық батырлық пен отансүйгіштіктің үлгісі ретінде жастарды тәрбиелеу мақсатында алдағы уақытта Атырау университетінде дөңгелек үстел өткізіп, оқу орны алдындағы «Зиялылар аллеясында» бейне-бюст орнатылып, «Қазақстанның тарихи тұлғалары» реестріне енгізуге ұсыныс қабылдау сияқты бірнеше айтулы шаралар өткізсек, даңқты жерлесімізге көрсетілген лайықты құрмет, тағзым, мәңгілік ескерткіш болар еді. Біз ол үшін барлық қажетті қосымша ақпаратты беруге және осы абыройлы істі табысты іске асыру үшін жергілікті әкімдік өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз және жәрдемдеседі деген үміттеміз. **Жамиға ТАҢАТАРОВА,**
тарих ғылымдарының докторы профессор,
Х.Табылдиев атындағы Ғылыми зерттеу институты

Ғарышкердің Атырау университетіне сапары

Мен пединститутты қоса есептегенде Атырау университетінде үзіліссіз 56 жыл еңбек еттім. Оқу орнымен бірге көптеген ұмытылмастай оқиғалардың куәсі болдым. Солардың бірі ретінде – 2000 жылы Атырау университетіне ғарышкер-ұшқыш Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевпен болған кездесу туралы ерекше айтуға болады. 2000 жылдың 29 мамыры болатын. Кешкісін үйде телефон соғылды. Телефон тұтқасын көтерген зайыбым маған «Виктория телефон соқты, ертең Талғатпен бірге Атырауға келетін көрінеді» деді. Мен қатты таңдандым. Жалпы, менің Викториядан да, Талғаттан да хабарым бар еді. Талғат – Қазақстанның халық қаһарманы, Ресей Федерациясының Батыры, сол кезде космосқа екі рет ұшқан ғарышкер Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев болатын. Ол – Рига қаласындағы инженерлік авиация институтын, кейін Ақтөбе қаласындағы әуе қорғаныс күштері әскери институтын бітірген болатын. 1994, 1998 жылдары ғарышқа зерттеуші ретінде ұшқан. Сонымен бірге, Тоқтар Амангелдіұлы – қазақтан шыққан тұңғыш зерттеуші-ғарышкер еді. Аппық ғарыш кеңістігіне 8 рет шығып, 42 сағаттан астам уақыт болғаны үшін оның есімі Гиннес рекордтар кітабына жазылған. Ал Талғат Амангелдіұлының жұбайы Виктория Вольдемаровна Мұсабаева (Лацис) Рига қаласындағы медицина институтында оқып жүрген кезінде авиация институтының студенті Талғат Мұсабаевпен танысып, кейін оған тұрмысқа шыққан. Талғат оқуын аяқтап, Қазақстанға қайтып келген кезде Вика (Виктория) да оқуын бітірместен Талғатпен бірге Қазақстанға келген. Мұнда ол Алматы медицина институтының стоматология факультетінде оқуын жалғастырған. Міне, осы кезде Виктория мен менің болашақ зайыбым Уакиламен мединституттың стоматология факультетінде бір топта оқып, бірге бітірген болатын. Ертеңіне, 30 мамыр күні біз оларды қарсы алу үшін Атырау әуежайына бардық. Протокол бойынша бізге Талғатты қарсы алу мүмкін болмады, дегенмен Викторияны қарсы алуға рұқсат берілді. Осылайша, біз әуежайда Виктория Вольдемаровна мен немересі Жансұлтанды қарсы алдық. Түс қайта Атырау университетінің акт залында



қонақтар мен оқытушылардың және студенттердің үлкен кездесуі болды. Х.Досмұхамедов ескерткіші алдында қонақтарды облыс әкімі И.Тасмағанбетов, қала әкімі Д.Тұрғанов, университет басшылығы және басқа да ресми адамдар қарсы алды. Біз отбасымызбен университетке кірер жерде тұрдық. Дәл есік алдында ғарышкер Талғат менің алты жасар балам – Мейрамбектен күтпеген жерден «өскенде кім боласың?» деп сұрады. Балам «Та-эквондист болам» деп жауап берді. Біз үшін бұл күтпеген жауап еді. Өйткені, Қазақстанның басқа жерлерінде Талғаттың осы сұрағына балалардың «ғарышкер боламын» деген жауаптарын еститінбіз, Мейрамбек те солай жауап беретін болар деп ойлағанбыз... Кездесу барысында бірнеше лауазымды адамдар ғарышкерге «қош келдіңіз» айтып, сөздер сөйледі. Талғат Мұсабаевқа «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры» атағы берілді. Кездесу аяқталарға жақын ғарышкер Т.Мұсабаев сөз сөйлеп, университет ұжымына, облыс пен қала жұртшылығына жақсы қарсы алып, құрмет білдіргені үшін өз аты-

нан, отбасы атынан рахметін білдірді. Ол,сонымен бірге, өз өмірбаянына қысқаша тоқталып, қалайша ғарышкер болғандығы туралы айтып берді. Студенттерді білімді болуға,болашақта ғылыммен шұғылдануға шақырды. Осылайша,Атырау университетінде қазақ ғарышкерімен тұңғыш рет кездесу болып өтті. Бұл кездесу Атырау университетінің оқытушылары мен студенттеріне үлкен әсер қалдырған университет тарихындағы ұмытылмас оқиға еді. P/S. Өкінішке орай, осы мақаланы жазу барысында атақты ғарышкер-ұшқыш,генерал-лейтенант Талғат Мұсабаевтың мезгілсіз дүние салды. Талғат Мұсабаевтың қазасы Қазақстан ғарыш зерттеу саласы үшін орны толмайтын оқиға екендігі сөзсіз. Марқұмның жан жары – Виктория Вольдемаровнаға, отбасы мүшелеріне қайғыларына ортақтасып,көңіл айтамыз. Қош бол, ғарыш қаһарманы! **Аманкелді ШАМҒОНОВ,**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры
ҚР-на еңбегі сіңген қызметкер



«ЭКОСИСТЕМА КАСПИЯ: ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»

Атырауский университет отмечает 85-летие и проводит XXVII Ассамблею университетов Прикаспийских стран

В 2025 году Атырауский университет имени Халела Досмухамедова отмечает важную веху своей истории — 85-летний юбилей. К этой значимой дате приурочено проведение XXVII Генеральной Ассамблеи Ассоциации государственных университетов Прикаспийских стран, которая пройдёт в Атырау под девизом: «Экосистема Каспия: интеграция науки и образования»

Ассоциация, объединяющая ведущие вузы Казахстана, России, Azerbaijan, Ирана и Туркменистана, с момента своего основания в 1996 году служит важнейшей площадкой для академического и научного диалога в регионе Каспийского моря.

Атырауский университет, как один из наиболее активных членов Ассоциации, зарекомендовал себя инициатором и организатором ключевых мероприятий — от XX Юбилейной Ассамблеи (2017) до международных форумов, спортивных универсиад, открытия культурных центров, а также экологических и творческих проектов, объединяющих молодёжь Прикаспия. Университет уверенно смотрит в будущее: расширяет международное сотрудничество, развивает научную мобильность, укрепляет образовательные связи и вносит весомый вклад в устойчивое развитие региона.

Проведение Ассамблеи 2025 года в Атырау станет не только символом признания роли университета в международном научном сообществе, но и новой точкой роста для интеграции знаний, науки и культуры в интересах всего Каспийского пространства.

Ассоциация государственных университетов Прикаспийских стран (участвует с 1996 года)



Атырауский университет имени Халела Досмухамедова — научно-образовательный центр в сотрудничестве университетов Прикаспийского региона

РЕГИОНАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ: УЧАСТИЕ В АССОЦИАЦИИ

Ассоциация государственных университетов Прикаспийских стран, созданная в 1996 году, объединяет ведущие вузы пяти прибрежных государств — Казахстана, России, Azerbaijan, Ирана и Туркменистана. Основная цель — развитие академического взаимодействия, совмест-

ных научных исследований, продвижение культурного диалога и координация усилий в решении региональных вызовов, в первую очередь — экологических, правовых, гуманитарных и технологических.

С момента вступления в Ассоциацию Атырауский университет имени Халела Досмухамедова стал одним из ключевых участников, последовательно реализуя совместные международные проекты, в том числе в роли организатора масштабных мероприятий, способствующих укреплению единого образовательного пространства Прикаспийского региона.



ВЕХИ СОТРУДНИЧЕСТВА: НАУКА, КУЛЬТУРА И СПОРТ XX Юбилейная Генеральная Ассамблея (Атырау, 2017 г.)

В 2017 году на базе университета прошла XX Юбилейная Генеральная Ассамблея Ассоциации, в рамках которой состоялось открытие Центра иранского языка и культуры. Данный центр стал символом культурного диалога и углубления гуманитарного сотрудничества между Казахстаном и Ираном.

Международная экспертная встреча (Атырау, март 2018 г.)

В 2018 году университет выступил организатором Международной экспертной встречи «Право и медиа в Каспийском регионе: основы и перспективы сотрудничества», с участием ученых и экспертов из Казахстана, Azerbaijan, Ирана и России. Обсуждались перспективы развития правовых институтов и информационного взаимодействия в трансграничной среде.

VI Международная универсиада (Атырау, сентябрь 2018 г.)

В том же году университет провёл VI Международную универсиаду среди студентов университетов Прикаспийских стран. В соревнованиях приняли участие более 500 студентов из 43 вузов, соревнующихся в 11 спортивных дисциплинах. Универсиада стала мощным инструментом

молодежной интеграции.

Аудитория «Казахстан» в Астрахани (декабрь 2018 г.)

Совместно с партнёрами из России в декабре 2018 года в Астрахани была открыта тематическая аудитория казахской культуры «Казахстан». Она стала площадкой для культурного обмена, популяризации казахской истории, традиций и языка.

Онлайн-конкурс «Каспий глазами молодежи» (август 2020 г.)

В условиях пандемии COVID-19 университет продолжил культурно-просветительскую дея-



тельность в онлайн-формате. Так, 20 августа 2020 года был организован международный конкурс детских и молодежных рисунков «Каспий глазами молодежи». Конкурс объединил участников из различных стран и стал символом творческого переосмысления темы Каспия молодым поколением.

Победителями конкурса стали:

- Гран-при – Хасаева Ханум, Дагестанский государственный университет (Россия);
- 1 место – Эбдіқұл Мерейлім, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (Казахстан);
- 2 место – Потемкин Виталий, ГУ «Областная детская деревня семейного типа и дом юности» (Казахстан);



• 3 место – Гинаятова Дана, Атырауский университет нефти и газа им. С.Утебаева (Казахстан);
• 3 место – Мұратқызы Дильназ, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова (Казахстан).
Конкурс стал наглядным примером вовлечения молодежи в культурное взаимодействие и экологическое просвещение, укрепляя принципы дружбы и взаимоуважения среди народов прикаспийского региона.

ПРОДОЛЖЕНИЕ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ МИССИИ



В последние годы университет продолжает активное участие в международных форумах и заседаниях Ассоциации. Так, в сентябре 2024 года делегация во главе с ректором С.Н. Идрисова приняла участие в XXVI Генеральной Ассамблее Ассоциации, прошедшей в городе Астрахань. В рамках своего выступления ректор подчеркнул необходимость интеграции научной экспертизы в решение региональных экологических и экономических задач, а также представил инициативу по внедрению концепции академической мобильности, получившую поддержку со стороны всех стран-участниц.

Атырауский университет имени Х. Досмухамедова — чемпион VII международной универсиады «Игры Каспия» (2024)

Команда студентов Атырауского университета имени Х. Досмухамедова заняла первое место в общекомандном зачёте VII Международной универсиады «Игры Каспия», завершившейся в Астраханской области (Россия). В соревнованиях приняли участие свыше 700 студентов из 14 прикаспийских вузов.



Яркие достижения:
• **Лёгкая атлетика:** Гульхан Шынғысхан — первое место на 800 м и второе на 1500 м и 3000 м; Альфия Мухиденова — третье место на дистанции 3000 м.
• **Самбо:** три чемпиона — Нариман Муқан (58 кг), Казбек Аңсаған (64 кг), Бекбол Мұқашев (88 кг); второе место — Динмухаммед Килымов (71 кг); третье место — Динмуханбет Шаменов (71 кг).
• **Шашки и шахматы:** чемпионами стали Жанель Әдиет, Бекарыс Жұмалиев (шашки) и Нурбек Хайрошев (шахматы).
• **Командные виды спорта:** золото — баскетбол, фиджитал-баскетбол, футбол, самбо, шашки, шахматы; серебро — фиджитал-футбол и волейбол.

Всего команда набрала **790 баллов**, обеспечив себе верхнюю ступень пьедестала. Этот успех стал ярким свидетельством спортивной, интеллектуальной и командной мощи Атырауского университета остаётся центром притяжения молодёжного потенциала и укрепляет позиции международной интеграции в Прикаспийском регионе.



НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ: ПОДГОТОВКА
К 85-ЛЕТИЮ И XXVII АССАМБЛЕЕ

2025 год станет знаковым в истории Атырауского университета — вузу исполняется 85 лет. Основанный в 1940 году, университет прошёл путь от педагогического института до одного из ведущих научно-образовательных центров Казахстана. Сегодня он является динамичным, открытым к международному сотрудничеству учреждением, предоставляющим образование по более чем 121 программмам. К юбилею университет готовит торжественные мероприятия, объединяющие научное сообщество, выпускников и международных партнёров. Кульминацией праздничной программы станет проведение в Атырау XXVII Генеральной Ассамблеи Ассоциации государственных университетов Прикаспийских стран. Главной темой Ассамблеи 2025 года определена: «Экосистема Каспия: интеграция науки и образования». Планируется обсуждение вопросов устойчивого использования природных ресурсов Каспийского моря, роли университетов в решении экологических проблем, расширения академической мобильности, а также развития научных кластеров с трансграничным сотрудничеством.

Атырауский университет имени Халела Досмухамедова в рамках деятельности Ассоциации университетов Прикаспийских стран зарекомендовал себя как надёжный и активный партнер в научном, образовательном и культурном пространстве региона. Проведение XXVII Ассамблеи и празднование 85-летнего юбилея в 2025 году — не только значимое событие в жизни университета, но и подтверждение его стратегической роли в формировании будущего Каспийского региона на стыке науки, образования и экологического мышления.

МЕН ХАЛЕЛДЕ

Ғылым менен тәрбие тең өрілген

Атыраудай жүректе бой түзеген,
Ғылым жолы болашаққа күзеген.
Халел аты тарихтың мәңгі есінде
Білім нұрын жас ұрпаққа кезеген.

Қанат қаққан талай жас есігінен
Ғалым болған тербелген бесігінен
Оқу, ғылым тәрбиемен теңдесіп
Тұлға қылып шығарар есі кірген.

Өтірік өлең жат сөзбен жақтамадым
Халелім жүрегімде сақтағаным
Бұл универ тең келмес-ті өзгелермен,
Халелде оқимын деп мақтанамын

Ғылым менен тәрбие тең өрілген,
Ұстаздардың еңбегі кең көрінген.
Қанша жастың арманын ақ қанат қып,
Үлкен жолға шығарып, үкілеген.

Бұл Халелде алтын бар ат басындай
Іріктелген «Шахтёрдің» шахтасындай
Біреу үшін кішкентай орын шығар
Ал мен үшін Отырар қақпасындай

Қуаныш АЙТУҒАН,
қазақ тілі әдебиет пәнінің мұғалімі 4 курс студенті



Мәлика Қалмағамбетова,
журналистика 2 курс, 201/2

Болашаққа қадам

Халелде оқу – жай ғана дәріс тыңдап, оны қайталау емес. Бұл – өз ойыңды дамыту, жауапкершілік пен ұйымшылдықты үйрену. Білікті ұстаздарымыз бізге тек қана дәріс беріп қоймай, өмірімізге үлкен бағыт-бағдар беріп отырады.

Менің мамандығым – аударма және аударматану. Бұл жай ғана мамандық емес, болашақтың есігін ашатын кілт. Әлемнің түрлі тілдерін үйреніп, олардың мәдениеттерін зерттеп, мемлекеттердің арасындағы алтын көпір болу – менің бала күнгі арманым. Сол арманымды жүзеге асыру үшін Халел Досмұхамедов атындағы университетте барлық мүмкіндіктер жасалған.

Биыл мен «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасының жеңімпазы атанып, Түркияда оқуға үлкен мүмкіндік алдым. Бұл – университетіміздің берген сапалы білімі мен ұстаздарымыздың қолдауының арқасы. Түркияда жүргенде де «Мен Халелде оқимын!» деп мақтанышпен айта алатыныма сенімдімін.

Мен үшін Халелде оқу – жай ғана студенттік жылдар емес, болашаққа бастар үлкен қадам. Университетіміздің аты биіктей берсін! Ал біз, жас ұрпақ, оның атауын асқақтата түсу үшін қызмет етеміз. Туған күніңмен, сүйікті университетім! Биіктен көрініп, мақтанатын студенттерің көп болсын!

Аружан СҮЛЕЙМЕН,
аударма және аударматану мамандығының 201/2 студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына орай студенттер арасында «Мен Халелде оқимын» эссе, фотосурет және сурет байқауы ұйымдастырылды. Төменде байқауға келіп түскен бір топ шығарма жарияланып отыр.

Халел университеті – мақтанышым

Білім – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі. Ал сол білімнің іргесін қалайтын оқу орны әр адамның жүрегінде ерекше орын алады. Мен үшін ол – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазіргі уақытта осы оқу ордасында дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім алудамын. Халел университеті – тарихы терең, түлектері елге танымал мамандар болған, сан түрлі салаға үлесін қосқан азаматтарды тәрбиелеп шығарған оқу орны. Бұл жерде біліммен қатар тәрбие, жауапкершілік, руханият, патриоттық сезім қатар дамиды. Әсіресе, дене шынықтыру мамандығында білім алып жатқан біздер үшін физикалық дайындықпен қатар, моральдық шыңдалу да маңызды.

Мен бұл мамандықты жай ғана спортты жақсы көргенім үшін емес, салауатты өмір салтын насихаттағым келгендіктен таңдадым. Болашақта жас ұрпаққа үлгі болып, олардың денсаулығын нығайтуға, спортқа

деген қызығушылығын арттыруға өз үлесімді қосуды қалаймын. Университетімізде бұл мақсатқа жетуге барлық жағдай жасалған – заманауи спорт залдары, тәжірибелі ұстаздар, түрлі жарыстар мен іс-шаралар бізді үнемі дамуға итермелейді.

Ұстаздарымыз – өз саласының білгірлері. Олар тек теориямен шектелмей, бізге өмірлік тәжірибесін, шынайы кәсіби дағдыларын үйретуде. Олардың арқасында біз білімді, білікті болуға тырысамыз. Сонымен қатар, әр студенттің жеке қабілетін дамытып, қолдау көрсетіп отыратыны бізге үлкен мотивация береді. Халелде оқи отырып, мен тек спортшы емес, нағыз ұстаз болуға дайындалып жатырмын. Алдағы уақытта осы оқу орнында алған білімім мен тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, балалар мен жастарды спортқа баулитын маман болғым келеді.

Мен — Халел студентімін. Бұл – менің мақтанышым.

Арайнұр АМАНДЫКОВА, 301/6 фкис

Туған жерін сүйген – болашақты сүйеді

Әрбір адамның жүрегінде асқақ арманы болады. Біреу үшін ол – биік мансап, біреу үшін – өнер жолы, ал мен үшін – сапалы білім алып, елге қызмет ету. Сол арманым мені Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне жетеледі. Бүгін мен мақтанышпен «Мен Халелде оқимын!» деп айта аламын. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дегендей, білікті ұстаздардан тәлім алып, ғылым мен білімнің қасиетті шаңырағында отыру – үлкен мәртебе.

Менің таңдаған мамандығым – қолданбалы экология. Бұл мамандық мен үшін жай ғана оқу бағыты емес, ол – жүрек қалауым. Қоршаған ортаның тазаруы, табиғаттың сақталуы – адамзат болашағының кепілі.

«Табиғатты қорғау – адамзаттың болашағын

қорғау» деген нақыл сөз әрбір экология маманының ұраны болуы тиіс. Себебі табиғатты аялау – өзімізді аялау. Университетіміздің 85 жылдық тарихы – білім мен тәрбиенің, ғылым мен ізденістің айғағы. Бұл шаңырақтан талай білімді ұрпақ түлеп ұшты. Біз де сол ізді жалғап, болашаққа қадам басып келеміз. Халел университетінде бізге тек дәріс оқытпайды, бізді ойлануға, ізденуге, қоғамға пайдалы болуға үйретеді. Студенттікөмір – теккітап пен емтихан емес. Ол – қызыққа толы шақ. Мұнда жаңа достар табасың, түрлі шараларға қатысасың, өз дарыныңды ашасың. Мен де өзімді тек мамандық жағынан ғана емес, тұлғалық тұрғыда дамытудамын. Әрбір күн жаңа мүмкіндіктерге толы.

Лабораторияда жүргізілген тәжірибелер, ғылыми

жобаларға қатысу – бізді кәсіби маман ретінде шыңдайды. Жайық өзенінің табиғи байлығын зерттеу, экологиялық жағдайды сақтау – біздің білімімізді тәжірибемен ұштастыруға жол ашады. Қазіргі күні сүйікті мамандығым бойынша білім алып жүрмін. Болашақта өз білімімді туған еліме арнағым келеді. Табиғатты қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту – тек мамандық емес, өмірлік міндетім. «Туған жердің табиғатын сүйген адам – болашағын сүйеді» деген сөз – менің ұстанымым. Халел университеті маған осы жолда бағыт беріп, сенімді қадам жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Аружан ҚҰАНЫШ,
қолданбалы экология мамандығының 3 курс студенті

В его стенах возвышается мудрость

День приходит вместе с солнца сиянием,
Город встречает свет первых лучей.
В университет спешим мы с желанием,
Чтоб знания открыли мир новых идей.

В его стенах возвышается мудрость,
Здесь мыслью светлеет поколение.
И юных душ неуваждаема гордость
Учиться в нашем почётном заведении.

В аудиториях этих, что помнят Халела,
Идеи зрелые здесь проросли.
Сердца жаждой знаний горели,
И новые открытия студенты нашли.

Здесь встречи, конкурсы и достижения,
Даже ночи перед сессией без сна.
Но превращаем труд в мечты свершение
И путь к победе открыт нам всегда.

Сюда спешим мы знания получать,
Чтоб нас к успеху в жизни направляла,
И будем с нежностью вспоминать
Наш университет имени Халела.

Байжан Сауле, РКШ-202

ОҚИМЫН

История одного студента-халеловца

В 2021 году я поступила в Атырауский университет имени Халела Досмухамедова по специальности «Учитель русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения». Будучи ещё школьницей, мне посчастливилось побывать в стенах университета, когда проходило награждение областной олимпиады. Атмосфера вуза сразу очаровала меня. Я увидела, как студенты спешили к своим занятиям, особенно впечатлился их свободный выбор в одежде. Вся эта живность разогрела сильный интерес к студенческой жизни, и с тех пор образовалась невидимая связь между университетом и мной.

На первом курсе всё казалось новым и захватывающим. Мы с одногруппниками активно участвовали в конкурсах и мероприятиях, постепенно наполняя студенческую жизнь яркими красками. Тогда же начались первые шаги в науку – участие на Международных научно-практических конференциях. На старших курсах появилась важная работа – наставничество. Я помогала младшим курсам адаптироваться, делилась советами, поддерживала их в учёбе и творчестве. Для многих была старшей сестрой, и это доверие стало для меня огромной ценностью. Я старалась объединять ребят, чтобы наш университет был не только местом знаний, но и семьёй.

Стены университета хранят множество историй студентов, выпускников

и преподавателей. Я до сих пор помню первый день, когда нас, первокурсников, собрали в 430-ю аудиторию главного учебного корпуса для знакомства с преподавателями и университетом. Этот момент запечатлён в сердце, будто вчерашний день. Особенно теплы воспоминания, связанные с младшими курсами. Радость и увлечённость ребят я чувствовала, когда мы проводили заседания литературного клуба READx. Они с вдохновением делились впечатлениями о любимых книгах. Их искренность и вовлечённость наполняла сердце теплом. Весёлыми и забавными были наши кино вечера, которых проводили в кинотеатре English Only Space. Мы смотрели фильмы разных жанров: от классики до аниме и хоррора. А однажды мы устроили экскурсию для школьников, принимавших участие на олимпиаде по русскому языку и литературе. Нам хотелось показать им университет таким, каким видим его сами: с уютными аудиториями, открытыми людьми и окружением, где каждому есть место.

Не могу не рассказать об одном важном моменте, связанным с именем учёного, которое носит наш университет. На четвёртом курсе мы участвовали в викторине, посвящённой биографии Халела Досмухамедова и приурочённой ко Дню науки. Со спортивным азартом и искренним интересом мы изучали его труды, погружались в биографию и открывали для себя много нового. Наши усилия оправда-

лись, заняли первое место! Я думаю, что каждый студент должен знать хотя бы малую часть о человеке, чьё имя носит его университет. Поскольку это создаёт особую связь и передаёт память о Халеле Досмухамедове и его творчестве от поколения к поколению.

Эти моменты и ещё многие другие воспоминания научили меня ценить дружбу, поддержку и совместную работу во благо общества и знаний. Вот так все эти годы пролетели незаметно. На вручении дипломов радость переплелась с грустью. Теперь мы стали специалистами и каждая из двадцати шести дорог уйдёт в свою сторону. И всё же впереди виднеется новая глава.

Сегодня я продолжаю свой путь в магистратуре любимого университета. Для меня это честь и гордость – расти и развиваться в своей альма-матер. Я благодарна университету за новые знания и поддержку, одногруппникам и ребятам с младших курсов за то, что скрасили студенческие годы. Я горжусь, что являюсь выпускницей и магистрантом Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. Это не просто учебное заведение, это второй дом, где тебе всегда рады и куда хочется возвращаться снова и снова.

Нурикамал ҚЫЛЫШБЕК,
магистрант I курса
ОП 7М01702–русский язык и литература

Химия мамандығының 3-курс студенті Адина Құдайберген, өз қолымен салынған сурет



Таңдағаным жолында талаптымын

Мен Халелде оқимын, Халелдемін,
Бағалаймын ұстаздың әр еңбегін.
Құштарлықпен өзіңнен білім алып,
Талпынып жүргенімді дәлелдедім.

Психология таңдаған мамандығым,
Жақсы танып ұғармын адам құнын.
Таңдағаным жолында талаптымын,
Ізденімпаз төзімді-табандымын.

Міне, қазір бірінші курстамын,
Жанымда жүр сырымды ұғысқаным.
Мені алаңсыз оқысын үйренсін деп,
Сенім артып күтуде туыстарым.

Қанат байлап аяулы арманым,
Жаңа кезең жаңаша мән мағына.
Студенттік өмірдің дәмін татып,
Үйренісіп келемін жан-жағыма.

Мен Халелде оқимын таңдағаным,
Саған шырқап жеткенмін арман әнін.
Барлық жағдай жасалған біздер үшін,
Келбетіңе тамсанып таңданамын!

Мен Халелде оқимын ақ алмаспын,
Сенен құтты орданы таба алмаспын.
Халелдердің есімін елім деген,
Қайтадан жаңғыртуға қадам бастым!
Диляра БЕРІК,
психология 101/3-4



С гордостью скажу я и без стеснения – в университете Халела я учусь!

Открылась новая специальность – религиозведение, где к знаниям новым с радостью стремлюсь. Моя специальность учит различать, где правда, а где ложь. Религиоведение – опора для меня!

Мой университет открыл для меня дорогу, здесь родилась впервые новая стезя. Ведь она поможет молодежи Казахстана понять религию правильно – мой путь, мой светлый ориентир! Мы изучаем то, что предотвратит радикализм, здесь открылась дверь в мой самый лучший мир! И я безгранично рада, что являюсь одной из первых студенток новой специальности. Религиоведение – это социальная значимость, актуальная в нашей реальности. Через знания можно бороться с любыми заблуждениями и сомнениями. Университет как светильник и маяк на пути к стабильности стремлению. Молодежь – это наши ростки, со своими желаниями и испытаниями.

Университет – наша крепость, питающая молодежь прочными знаниями. Специальность «религиоведение» – это вклад в будущее Казахстана и ясность. Через знания, которой молодежь, сохранит гармонию и безопасность. Ведь деструктивные течения навязывают свои взгляды другому. Провоцируют конфликты, ведут общество к рас-

колу. Их суждения, что грех – национальные традиции, приветствие, домбра. О том, что все женщины должны носить никаб. Все это противоречит нашей конституции. Ведь опора нашей нации в законах институции. Семья, школа, университет, религиозные организации должны оберегать национальные ценности, проверяя информации. Ведь на сегодняшний день растет объем контента нетрадиционного ислама. И все больше проявляющих интерес к религии – молодежь Казахстана. Люди, одержимые радикальной идеологией, псевдодомыслами пагубно влияют на будущее поколение. И лишь просвещение, образование в соответствии с традиционной религией будут щитом от обмана и экстремизма, помогут нам избежать трагедии. Одна из проблем – дефицит грамотных религиоведов, теологов и имамов, которые могли бы избавить граждан от бед и обманов. Но из-за нехватки университетов, специалистов в этой сфере молодежь иногда едет учиться неофициально за рубеж, где знания, к сожалению, порой могут быть сомнительные. И для любого неподготовленного – это безумная опасность, ловушка. Я считаю, что молодежь – это основа нашего будущего. А любовь к Отчизне, к родной земле – это основа могущего. Молодежь должна признавать

терроризм одной из основных угроз современности. Но те, кто находятся под воздействием радикализма забывают о истоках бесценности. Много размышляя, я поняла, что основным предотвращением этого заражения :

Это – ценность своих корней, духа патриотизма возрождение!

Это – истории и наследие нашего народа, это казахские писатели-мыслители.

Это – мудрость великих слов Абая, его наставления, это хранители и учителя.

Это – любовь к традициям, семейным ценностям, дорожить ими на протяжении века.

Ведь это истинная суть нации, через призму, которой наполняется душа человека!

Это пробуждать угасшие национальные чувства, восстанавливая подлинно народные традиции и верную теологию.

Сегодня я учусь, чтоб завтра, моя страна жила в мире и свете. Я горжусь, что учусь в имени Халела Досмухамедова университете! Молодежь – она, как утро Казахстана. И я считаю наш общий долг, хранить её от обмана. Университет стал началом, где свет зажегся в нас. Где вера и наука спасут страну сейчас!

Зарина Имашева,
религиоведение 102-4Г/2024

ОТ АТЫРАУ ДО ВЕНГРИИ И ОБРАТНО: МОЙ ПУТЬ ВЫПУСКНИЦЫ АГУ

Меня зовут Александра Арефина, я выпускница Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова. Для меня годы учёбы в АГУ стали важной частью жизни, а университет — тем местом, которое дало мне фундамент и возможность посмотреть на мир шире.

Учёба в АГУ и поездка в Венгрию

Во время учёбы у меня появилась уникальная возможность — выиграть грант на обучение за рубежом от Атырауского государственного университета, по программе обмена студентов. Чтобы получить его, я прошла несколько этапов конкурсного отбора: тестирование, собеседования, в том числе на английском языке. Это был очень волнительный, но одновременно мотивирующий опыт: я поняла, что готова бороться за шанс.

Так я попала в Венгрию, в университет имени Яноша Кодолани. Этот опыт стал для меня настоящей школой жизни: я оказалась в другой культуре, в новой академической среде, среди студентов из разных стран. Венгрия научила меня быть смелее, открытой и верить в свои силы.

Возвращение в Атырау и карьерный путь

После возвращения домой я начала строить карьеру в сфере гостеприимства. Сначала это была самая простая позиция — администратор, где я училась работать с людьми, решать организационные вопросы и постоянно развиваться. Но шаг за шагом, благодаря упорству и полученному опыту, я смогла вырасти до руководителя отдела.

Мой международный опыт, полученный в Венгрии, оказался крайне полезным: я свободно чувствовала себя в мультикультурной среде, понимала, как общаться с коллегами и клиентами из разных стран, и могла уверенно представлять компанию.

Первые публикации

Конечно, в моей жизни есть место и творчеству — детскому увлечению лепкой я остаюсь верна и сейчас. Иногда это стано-

вится источником вдохновения и помогает переключиться. Но главное сегодня — мой профессиональный путь.

Совсем недавно в газете «Прикаспийская коммуна» вышло интервью обо мне. Для меня это стало важным событием: я увидела, что моя история может быть интересна и полезна другим. А появление моего имени в поиске Google показало: всё, что я делала и в карьере, и в творчестве, стало частью моей идентичности и привело к новому этапу.

Мой послыл студентам

Я хочу сказать нынешним студентам: используйте все возможности, которые даёт вам университет. Программы обмена, проекты, новые инициативы — всё это инвестиции в ваше будущее. Когда-то я не думала, что поездка в Венгрию станет поворотным моментом, а теперь понимаю: именно такие шаги формируют нашу личность и открывают новые горизонты.

Для меня АГУ навсегда останется альма-матер, которая дала не только знания, но и направление для роста. И я благодарна университету за то, что именно здесь начался мой путь.



АМЕРИКАДАН АЛҒАНЫМ КӨП БОЛДЫ



Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің студенті, «Қолданбалы экология» мамандығы бойынша 3 курста оқитын Дильназ Досмұхамбетова осы жазда Америкада «Study of the U.S. Institutes (SUSI) Madeleine Albright Young Women Leaders Program on Natural Resources» бағдарламасының қатысушысы болды.

Бұл бағдарламаны АҚШ Мемлекеттік департаменті мен Білім беру және мәдени бағдарламалар бюросы толығымен қаржыландырады. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен жас көшбасшы қыздар қатысады және ол экология, тұрақты даму, табиғи ресурстар және әйелдер көшбасшылығы мәселелерін зерттеуге бағытталған.

Ол үшін бұл тәжірибе Қазақстанды және Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетін халықаралық деңгейде таныстыруға, әртүрлі елдерден келген қыздармен танысуға және экология мен көшбасшылық саласындағы білімін нығайтуға ерекше мүмкіндік болды.

Мен экологияның табиғатты қорғау туралы ғана емес, көшбасшылық, келіссөздер және қоғамдастықпен жұмыс туралы екенін түсіндім. Біз әйелдердің табиғи ресурстарды қорғаудағы рөлін талқыладық және қоршаған ортаны қорғау туралы сөз қозғағанда көбірек бастамашылық пен жауапкершілік таныта-

тын қыздар екенін түсіндік. Мен үшін бұл экологиялық көшбасшылық - ел мәселесі емес, құндылықтар мен ұмтылыс мәселесі екендігінің дәлелі болды. Мен алғаш рет әйелдердің қолдауы мен өзара түсіністігінің күшін қатты сезіндім, бұл бағдарламаға қатысудың ең құнды тәжірибесі болды. Әсіресе Америкада бейімделген көшбасшылыққа, көпшілік алдында сөз сөйлеуге және бірлескен жобаларға үлкен көңіл бөлініп отырғаны таң қалдырды. Біз дәрістер тыңдап қана қоймай, нақты кейстермен жұмыс істедік.

Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және басқа да елдерден келген қыздар шабыт берді. Мен үлкен қолдауды сезіндім,

өйткені, жанында дәл сондай мақсатты жас әйелдер болды. Мен үшін бұл жай ғана оқу тәжірибесі емес, нағыз өмір мектебі болды. Мен жаңа білім алып, түрлі елдерден достар таптым және Қазақстанды және біздің университетімізді халықаралық аренада таныстыра алдым.

Сондай-ақ, осы семестрде мен Қазақстанның Білім министрлігінің гранты шеңберінде академиялық ұтқырлық бойынша Польшаға ұшып баратынымды атап өткім келеді және АҚШ-та алынған халықаралық тәжірибе маған кәсіби және жеке даму үшін жаңа мүмкіндіктерді басынша тиімді пайдалануға көмектесетініне сенімдімін.



Шипажайларға жолдама берілді

Еліміздің оқу–ағарту, ғылым мен жоғары білім қызметкерлері «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағының Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті комитеті» филиалы сала қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауда мақсатты жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінгі таңда кәсіподақ әлеуметтік әріптестіктің айқын құрылған салалық жүйесіне қол жеткізіп отыр. Жалақы, еңбек демалысы ақысы мен сауықтыру жәрдемақысының уақытында төленуі, басқа қызметкерлердің әлеуметтік маңызды мәселелері салалық келісім бойынша негізінде шешіліп келеді. Білім және ғылым саласы қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бағытында да жұмыстар жасалды.

Биыл кәсіподақ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Ректор кубогі» үшін профессор–оқытушылар құрамы және қызметкерлер арасындағы дәстүрлі 75–ші спартакиадаға спорттың футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, арқан тарту, теннис, асық ату, көңілді старт түрлерінен, компьютерлік ойындарға, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне байланысты өткен шараға және Ұлы Жеңістің 80–жылдығына орай арнайы төсбелгілер мен лента жасатуға қаражат бөлді.

Сондай-ақ, 2024–2025 оқу жылында профессор–оқытушылар мен қызметкерлердің кезекті еңбек демалысы уақыттарында емдеу–сауықтыру орталықтары мен шипажайларға бару мақсатында «Көктем», «Сосновый бор», «Мерке», «Ман-кент», «Шучинск», «Сарыағаш», «Атырау» санаторилеріне барлығы 39 жолдама алынды. Сонымен қатар, техникалық қызметкер Венера Базарбаеваға «Атырау» шипажайына, ардагер, профессор–оқытушы, ғалымдар Б.Ж.Таубаев пен Ш.Н.Нағымұлына «Көктем» шипажайына тегін жолдамалар бердік.

Денсаулықтар жағдайларына, ата-аналарының өмірден өтуіне орай және балаларын емдету үшін қаражат сұраған арыз, өтініштер қанағаттандырылып, олар бойынша барлығы 315 000 теңге қаражат берілді. Техникалық қызметкер А.Мамаеваның баласына «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі тарапынан Орал қаласындағы «Самал» балалар лагеріне тегін жолдама берілді.

«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің көмегімен Ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетов 80 жасқа толуына орай Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің «Тәлімгер» медалімен марапатталды.

Осы қоғамдық бірлестік тарапынан Атырау университеті комитеті филиалының төрағасы ретінде Астана қаласында салалық кәсіподақ қозғалысының 100 жылдығына арналған «Ғасырлық тәжірибе: тарихтан тағылым – болашаққа бағдар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына, Алматы қаласында Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті базасында жоғары оқу орындарының бастауыш кәсіподақ ұйымдарының «Қазақстанды жаңғыртудағы кәсіподақтардың әлеуметтік саладағы рөлі» тақырыбында семинар–кеңеске қатыстым. Ол жөнінде «Ұстаздық еңбек» газетінің биылғы 12 маусым күнгі санында «Бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағаларының семинар–кеңесі» деген мақала жарияланған. Сондай-ақ, Исатай аудандық кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80–жылдығына арналған «Ұлы Жеңіске мың алғыс» атты облыстық семинар жұмысына қатынастым.

Университеттің оқу ғимараттарында, Студенттер үйлерінде және спорт орталықтарында техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары 2025 жылдың қаңтар айында жасақталған жоспар бойынша жүзгізілді. Бұл мәселеде ҚР «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» Заңының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытыталған принциптері басшылыққа алынады. «Береке 2015 ЛТД» ЖШС тарапынан «Еңбек дауларын келісім комиссиясының қарауы: еңбек заңнамасы мен келіссөздер дағдыларын қолдану практикасы» курсы бойынша оқу бағдарламасы оқытылды.

А.Ахмет,
«Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті комитеті филиалының төрағасы



Сессия – сынақ емес, өзіңді тану жолы

Атырау университеті жастар саясаты департаментіне қарасты психологиялық қызмет кабинетінің мамандары ашылғаннан бергі уақыт ішінде студент жастардың сырлас досына, жанашыр жақынына айналғандай. Біз кабинет психологтары Анар Сағынбаева мен Бибінұр Исатайқызына көкейде жүрген бірнеше салдарды қойған едік.

– Университеттегі психолог қызметі нені қамтиды?

– Университеттегі психолог қызметі студенттердің, оқытушылардың және университет қызметкерлерінің психологиялық әлауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл қызмет әртүрлі психологиялық көмек түрлерін қамтиды және білім беру процесін тиімді, қауіпсіз әрі жайлы етуге көмектеседі. Психологпен жүргізілетін барлық жұмыс құпия түрде жүзеге асырылады. Студенттің және қызметкердің рұқсатынсыз ешкімге ақпарат берілмейді.

– Студенттер қай мезгілде және қандай мәселелермен психологқа жиі жүгінеді?

– Бұлар, негізінен, психоэмоционалдық мәселелер, атап айтқанда, мазасыздық, күйзеліс, депрессиялық күй; көңіл–күйдің құбылмалығы, мотивацияның жоғалуы. Сондай-ақ, эмоцияларды басқара алмау, ашушаңдық. Оқу үдерісіне байланысты қиындықтар: шаршау, бітпейтін тапсырмалар, уақытты дұрыс бөлмеу, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, емтихан қорқынышы, өзін–өзі бағалаудың төмендігі. Жеке тұлғалық дағдарыстар: өзін тану, кім екенін түсінбеу, өзін–өзі табу, өмірлік мақсатты анықтау, кәсіби бағдар (мамаңдық таңдауда күмән, «дұрыс жолмен келе жатырмын ба?» деген сұрақтар). Қарым–қатынас мәселелері: достармен, ата–анамен, оқытушылармен түсініспеушілік, сүйіктісімен ажырасу, махаббаттағы күйзеліс, жалғыздық, оқшаулану, әлеуметтік фобия, сонымен қатар, дағдарыстық жағдайлар: суицидтік ойлар, зорлық–зомбылық, бопсалау, буллинг, ауыр отбасылық жағдайлар.

– Сессия кезіндегі студентке кеңесіңіз?

– Сессия – бұл сынақ емес, өзіңді тану жолы. Сессия кезінде ойың шашырап, ұйқы мен тәбет бұзылады, дегенмен, ол үшін аса алаңдаудың қажеті жоқ, себебі, мен маңызды кезеңде тұрғандықтан, бұл – қалыпты жағдай. Кез–келген университет студенті қажет жағдайда психолог мамандардың кеңесіне жүгіне алады. Біздің

айтарымыз, бұл кезде тыныш демалуға, өзіңді қолдауға рұқсат бер. Емтихан өтеді, ал сенің өзіңе деген көзқарасың сақталып қалады. Сенің қолыңнан келеді, біз саған сенеміз.

– Бірінші курс студенті студенттік ортаға тез бейімделуі үшін не істеуі керек?

– Бірінші курс студенті университеттегі жаңа ортаға тез әрі сәтті бейімделуі үшін психологиялық, әлеуметтік және академиялық тұрғыда бірнеше нақты әрекет жасауы қажет. Бұл кезеңде өзіне деген сенімділік пен ашықтық маңызды рөл атқарады. Жаңа адамдармен сөйлесуге ашық болу – жалғыздық пен оқшауланудан арылуға көмектеседі. Кеңес: көпшілік іс–шараларға (қош келдіңдер кеші, тренингтер, танысу кештері) қатысудан тартынба. Бейімделу – бұл процесс, нәтиже емес. Уақыт өте келе бәрі қалыпқа түседі. Ең бастысы – белсенділік, ашықтық және көмек сұрауға дайын болу.

– Отбасылы студенттерге қатысты қандай кеңес айтасыздар?

– Университетте оқу мен отбасылық жауапкершілікті қатар алып жүру — оңай емес, бірақ, мүмкін нәрсе. Отбасылы студенттер көбінесе басқа студенттерге қарағанда уақыт, қаржы, эмоциялық тепе–теңдік жағынан көп жүктеме көтереді. Сондықтан олар үшін ерекше ұйымдастырушылық және психологиялық қолдау маңызды.

– Қазіргі студенттердің қандай озық немесе кемшін тұстарын атап айтар едіңіз?

– Қазіргі студенттер мен бұрынғы (мысалы, 10–20 жыл бұрынғы) студенттерді салыстыру арқылы олардың озық және кемшін тұстарын нақты байқауға болады. Бұл өзгерістер әлеуметтік, технологиялық және мәдени үдерістерге тікелей байланысты. Қазіргі студенттер — икемді, жаңашыл, цифрлық замандағы көшбасшылар, бірақ олар үшін тереңдік, шыдам, өмірлік тұрақтылық сияқты классикалық дағдыларды дамыту әлі де маңызды.



АУЫЛ БАЛАСЫНА – ҮЛКЕН МҮМКІНДІК



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан ашылған «Ұстаз мектебі» бүгінде ерекше жобалардың бірі саналады. Оның басты мақсаты – ер балаларды оқытып, елге адал қызмет ететін, білікті маман ретінде тәрбиелеу.

Алдағы оқу жылында мектептің алғашқы түлектері ұстаздық мамандық алып, облыс мектептеріне баруы жоспарланып отыр. Мектептің алғашқы директоры болып тәжірибелі педагог, жаңашыл бастамалардың авторы Сәнім

Қалуова тағайындалып, бірнеше жылдан бері жемісті жұмыс атқарып келеді. Оқу орны университеттің бір бөлімшесі ретінде барлық жағдаймен қамтылған: тегін оқу, ҰБТ-ға дайындық, бес мезгіл тамақ, жатақхана және заманауи материалдық база. Бұл – ауыл балалары мен олардың ата-аналары үшін зор мүмкіндік.

Оқу бағдарламасы 10–11-сыныптың мемлекеттік стандартына негізделген. Сонымен қатар ұлттық тәрбиеге, жауапкершілік пен адамгершілікке айрықша көңіл бөлінеді. Әкелердің рөлін күшейту үшін «Әкелер алқасы», ал оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту мақсатында «Ұлдар кеңесі» жұмыс істейді. Оқушылардың пікірінше, бұл мектептің басты артықшылығы – барлық балаға бірдей көңіл бөлінуінде.

«Басқа мектептерде ҰБТ-ға әркім өзі үшін дайындалады, ал бұл жерде мүлде басқаша. Арнайы курстардан түсінбеген жерлерін іштегі оқытушы апайларымыз түсіндіріп жібереді. Сонымен қатар аптасына бір рет ой-өрісімізді дамытатын ойындар, квиздер ұйымдастырылады. Қысқа уақыт ішінде көп дос таптық», – дейді олар.

10-сынып оқушысы Меңдеш Аймұрат бұл мектепті өзі іздеп

тапқанын айтады. «Мен «Ұстаз мектебі» туралы интернеттен көріп, құжатымды өзім жинап әкелдім. Осы жерде жүріп бойымдағы көп қасиеттерімді аштым. Болашақта алған білімімді ақтап, үлкен өмірге қадам басқым келеді. Оқу министрлігінде жұмыс істеп, Саламат Нұрмұханұлы Идрисов сияқты өз қаламның жастарына көмектескім келеді», – дейді ол.

Ал 11-сынып оқушысы Елшібай Мансур жаңа ортаға алғашында бейімделу қиын болғанын жасырмайды: «Тоғыз жыл бойы ата-анамның қасында болдым. Мұнда келгенде басында оңай болмады. Бірақ әртүрлі ауылдан келген балалардың арасында біз бір-бірімізге аға болып, кішіні сыйлап, үлкенді құрметтеп үйрендік. Осындай бауырмалдыққа себеп болған апайларымызға алғысымыз шексіз», – деген пікірде ол.

«Ұстаз мектебі» – тек білім беріп қана қоймай, ауыл баласына арманын жүзеге асыруға жол ашқан ерекше бастама. Бұл мектептен түлеп шыққан түлектердің ертеңгі күні еліміздің білім саласына үлес қосары сөзсіз.

Ғайрелфанат Мұратова,
журналистика мамандығының
3 курс студенті
фото по ватсапу

Түлек

БИІК ТҰЛҒАЛЫ ҰСТАЗДАРДАН БІЛІМ АЛДЫҚ

Біз 1988–1993 жылдар аралығында осы қара шаңырақта білім алып, өмірлік жолымызды айқындаған құнды тәлім мен тағылым алдық. Біздің кураторларымыз – Дүйсенгүл Жақанова, Жұмазия Абдрахманова, Динара Арыстанғалиева әрқайсымызға бағыт-бағдар беріп, ұстаздық жылулығымен демеді. ҚазМУ-дің табалдырығын жаңа ғана аттап шыққан жап-жас Жұмазия Мәжитқызы апайымыз қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасында қолданылып жүрген сергіту сәттерін сол кездің өзінде-ақ ойлап тауып, дәрістерін жандандырып жіберетін.

Тағы бір ұстазымыз Жақан Дүйсенгүл Советқызы – ҚазМУ-дің түлегі, қазақ әдебиеті мен өнерін насихаттауға өмірін арнаған ұлағатты ұстаз еді. Студенттер қауымы оны жай ғана оқытушы емес, жаны нәзік, рухани әлемі бай, шәкірт жүрегін баурай білген ерекше жан ретінде еске алады. Әр сабағының алдында ол қоңыр әуезді үнімен Мұхтар Шахановтың поэмаларынан үзінді оқып, жастарды ойға жетелейтін. Дүйсенгүл апайымыз тек дәріс оқумен шектелмей, студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыруға ерекше көңіл бөлді. Оның бастамасымен «Халық мұрасы», «Мирас» атты үйірмелер құрылып, айтыс өнері, драма, би үйірмелері жанданды.

Арыстанғалиева Динара апайымыз – біздің әдемі кураторымыз еді. Нәзік те талдырмаш болмысымен, әрдайым жылы жымыып жүретін апайымызды біз әрқашан асыға күтетінбіз. Ол кісі үшін кураторлық – жай ғана ресми міндет емес, шынайы қамқорлық пен жауапкершілікке негізделген ұстаздық борыш болатын. Студенттік өмірдің қуанышы мен қиындығында әрқайсымызға қолдау көрсетіп, сенім мен демеу сыйлай білді.

Құсекең Шәукенов, Сабыр Қазыбаев, Құсайын Айтқалиев, Қадыр Жүсіпов, Жұбат Жантасов, Айсұлу Садықова, Манасбай Қожанов, Құспан Аронов, Мұқан Көптілеуов, Сәндібек Ғұбайдуллин, Сәуле Дүтбаева, Әмина Ғабдуллина, Рахима Әбішева, Серік Аташев сынды ардақты ұстаздарымыздың бітім-болмысы – біздің жадымызда!

Құсекең Шәукенұлын қазақ тіл біліміне өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ғалым ретінде танимыз. Оның есімі қазақ тіл ғылымының іргелі тұлғалары – Сауранбаев, Балақаев, Қордабаев, Аманжолов, Кеңесбаев, Сыздықовалармен қатар құрметпен аталып келеді. Құрмалас сөйлемдерге қатысты еңбектері ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, бүкіл ұлт үшін баға жетпес қазына.

Сабыр Қазыбайұлы – қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан ғалым әрі ұлағатты ұстаз. Өзінің денесі қандай таудай болса, тұлғасы да сондай биік еді. Қадалдығы мен аңғалдығы, қарапайым да кеңпейіл мінезі оны шәкірттеріне ерекше жақын етті. Оның дәрістерін тыңдаудың өзі бір ғанибет болатын. Әдебиет тарихын ұлттық құндылықтармен сабақтастыра отырып жеткізуі әр студенттің жүрегінде өшпес із қалдырды.

Құсайын Айтқалиев – есімі облыс қана емес,



бүкіл республика жұртшылығына белгілі ұстаз, Қазақстандағы тұңғыш СССР халық мұғалімі атағын алған тұлға. Біздің жадымызда ол ең алдымен жаңашыл педагог, іскер ұйымдастырушы ретінде қалды. Оның сабақтары ерекше болатын – құрғақ теорияға емес, практикалық мәнге құрылушы еді. Әрбір дәрісі өмірмен, күнделікті тәжірибемен ұштасып, оқушыға тек білім ғана емес, болашақта қажет болатын іскерлікті үйрететін.

Әкеміздей мейірімге толы жанарымен, жүрекке жылу ұялатар жұмсақ үнімен дәрісін бастайтын Қадыр Жүсіп ағай 1988 жылы «Жүмекен Нәжімеденовтің лирикасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап келіп, шәкірттерінің ортасына бұрынғыдан да шабыттанып оралған-ды. Жүзінен нұр шашып, күлкісімен айналасын жылытып жүретін ағайдың қабақ шытқан сәтін көрмеппіз. «Күнде жатар алдында бір ақынның өлеңін оқымай көзім ілінбейді» деп сыр шертетін. Бұл сөздері бізге де поэзияны қадірлеудің, әр өлеңді жүрекпен қабылдаудың құпиясын үйреткендей еді. Сабақ басталса-ақ болды, «Ал, сіздер білесіздер ме, бүгін ғана кітап дүкеніне Бейімбет Майлиннің «Томдығы түсіпті» – деп, әдебиет әлемінен сүйінші сұрағандай қуанышын бөлісетін.

Жұбат ағай Жантасов бізге әдебиет теориясынан дәріс оқыды. Жүзі жылы, қоңыр дауысы мен мейірімге толы көзқарасы арқылы аудиторияны бірден баурап алатын. Ағайымыздың ең есте қалар қырларының бірі – оның киім киісіндегі өзгеше

стилі болатын. Әсіресе, аппақ костюм-шалбарымен аудиторияға кірген сәтінде біз ұстазымызды тек ғалым ғана емес, өнердің шырақшысы, талғам мен сұлулықтың иесі ретінде қабылдайтынбыз.

Садықова Айсұлу Тәжіғалиқызы бізге үнемі қамқор болып жүретін, әр студентке жаны ашып, шырылдап жүгіріп жүретін тамаша жан еді. Ол тек деканның орынбасары ғана емес, бәріміздің анамыздай болған асыл тұлға еді.

Сәндібек ағайымыздың дәрістері өзгеше өтетін. Әдеттегі лекция емес, сұрақ-жауапқа құрылған тірі әңгіме іспетті болатын. Ғалым ретінде де Сәндібек Ғұбайдуллин ұлттық әдебиеттің тілдік табиғатын зерттеуге ерекше еңбек сіңірді.

Ағылшын тілі пәнінен бізге дәріс берген ұстазымыз Б.Баймұқанов студенттік жылдарымыздың ең жарқын бейнелерінің бірі болып жадымызда сақталды. Ол кісі үшін ағылшын тілі тек пән ғана емес, болашаққа жол ашар мүмкіндік болатын. «Тіл үйрену – ертеңгі мүмкіндіктің есігін ашу» деп жиі айтатын.

Баймұқанов ағай – тек тіл үйреткен ұстаз емес, болашаққа сенім ұялатып, білімге құштарлық дарытқан рухани жетекші болды. Оның бейнесі біз үшін ұстаздық мейірімнің, білімге адалдықтың айқын үлгісі болып қала береді.

Аташев Серік ағайымыз – өте білімді, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға еді. Ол әрі күйші, әрі ақын, әрі үлкен ғалым болатын. Қолында тек қаламы ғана жүретін, ал қалған дүниенің барлығы оның зердесінде сақталатын. Барлық дерек, ой, дәлел – миында жүйеленіп тұратын нағыз энциклопедиялық білім иесі болатын.

Біз – 50 студент едік. Уақыт өте келе қатарымыздан түрлі салада танылған тұлғалар шықты. Бүгінде арамызда ғылым кандидаттары мен PhD докторлары бар, олар еліміздің ғылымына тың үлес қосып жүр. Кейбірі мектеп директоры, колледж басшысы болып, білім ордаларын басқаруда. Тағы бірқатары жоғары санаттағы педагог-зерттеуші ретінде жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, ғылыми жаңалықтар ашып, тәжірибесін таратып жүр. Ұстаздық пен ғылымды, басшылық пен қоғамдық қызметті ұштастыра білген осындай әріптестеріміз – біздің мақтанышымыз, замандашымыз.

1993 жылы Атырау университетін бітірген түлектерден көптеген білімді де білікті мамандар түлеп ұшты. Солардың ішінде жоғары санатты мұғалім атанып, «Үздік мұғалім» деген абыройлы атаққа ие болған қыздарымыз да бар. Олар ұстаздық жолды адалдықпен, жанқиярлықпен атқарып, әр шәкірттің жүрегіне білім шырағын жақты. Бүгінде біз олардың жетістігін мақтанышпен еске алып, әрбір табысын өзіміздің ортақ қуанышымыз деп білеміз.

Айнұр Кушкимбаева, PhD,
қауымдастырылған профессор,
«ЖОО үздік оқытушысы-2023»,
«Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚРҒЖБМ медалінің иегері,
1988–1993 жылдары оқыған түлек

ЖАЙЫҢ ҚАЛАЙ, ЖАТАҚХАНА?



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарихы мен дәстүрі тереңде жатыр. Бұл оқу орны тек кәсіби мамандар даярлайтын білім ордасы ғана емес, сонымен бірге, жас буынның өмірлік тәжірибесін қалыптастыратын үлкен мектеп іспетті. Ал сол студенттік жылдардың ажырамас бөлігі – жатақхана өмірі. Университеттің N1 жатақханасы талай буынның жастық естелігіне айналып, бүгінде жүздеген студенттің екінші үйіне айналып отыр.

Студенттер үйіндегі әр күн – студент үшін үлкен тәжірибе. Мұнда достық, ұйымшылдық, жауапкершілік, өз бетімен шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Көптеген студент үшін жатақханадағы өмір – болашақтағы отбасылық өмірдің кішкентай сынағы секілді. Жатақханадағы күнделікті өмірді сырттай қарағанда қарапайым көрінуі мүмкін: таңғы асы, сабаққа дайындық, күнделікті тұрмыстық тіршілік. Алайда шын мәнінде, бұл – жас адамның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына, жауапкершілікті іштей сезінуге, өзгемен ортақ тіл табысуға үйрететін ерекше орта. Әр бөлмеде – әртүрлі тағдыр, әртүрлі арман. Бірі ауылдан алғаш қалаға келген жас, бірі өз өңірінде танымал белсенді, ал енді бірі шығармашылыққа жақын тұлға болуы мүмкін.

Солардың қатарында Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеул кентінің тумасы, журналистика мамандығының 3-курс студенті Нұрсамал Кенжетай да бар. Ол үшін жатақхана – тек баспана емес, болашақ мамандыққа дайындық алаңы.

«Журналистиканың негізгі қағидасы – адамдарды тыңдай білу, түрлі ортада өзін ұстай білу. Жатақханадағы өмір маған осыны үйретіп жатыр. Біз әртүрлі өңірден келгендіктен, ойымыз, әдетіміз де бөлек. Бірақ бәріміз бір ортада өмір сүріп, бір-бірімізге бейімделеміз. Бұл – мен үшін тәжірибе ғана емес, өмірлік сабақ. Кейде қыздар бір бөлмеге жиналып алып, түн ортасына дейін армандарымен бөліседі. Бірі мұғалім болғысы келеді, бірі кәсіпкер, енді бірі – өнер саласында өзін көреді. Осындай әңгімелердің өзі – болашақ мақалаға арқау боларлық дүние» дейді Нұрсамал.

Студенттік ортадағы қызықтарды қалт жібермей бақылап, кейде күнделікке түртіп қоятын әдеті бар екенін де жасырмайды. Себебі, болашақ журналистің қырағылығы дәл осындай сәттерден басталады.

«Жатақхана төрт қабаттан тұрады. Әр қабатта студенттерге арналған бөлмелер, ас үйі, кір жуатын орын және демалыс аймақтары қарастырылған. Әр бөлмеде екі-төрт студенттен тұрады. Бөлмелерде төсек-орын, үстел, шкаф секілді қажетті жиһаздар бар. Қабаттағы ортақ ас үйлерде студенттер өздері ас дайындайды, бұл – бір жағынан тұрмыстық жауапкершілікті арттырса, екінші жағынан бір-бірінің

дастарқанынан дәм тату арқылы достықты бекемдейді. Жатақханада кітапхана бұрышы, оқу залы, интернет желісіне қосылған компьютер бөлмесі бар. Бұл – студенттердің сабаққа дайындалуына, ғылыми



ізденістер жүргізуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, спортпен шұғылдануға арналған шағын жаттығу залы, шахмат пен дойбы секілді ойындар бұрышы да бар. Демек, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалған» дейді ол.

Ал Атырау облысы, Махамбет ауданының Таңдай ауылынан келген, журналистика мамандығының 2-курс студенті Аяулым Құныскерей жатақханаға алғаш келген күндерін әлі ұмытпайды. «Ауылдан қалаға алғаш келгенде бәрі бейтаныс болды. Алғашқы күндері ата-анамды қатты сағындым. Бірақ жатақханадағы қыздар маған жылы қабақ танытып, қолдау көрсетті. Қазір біз бәріміз бір үйдің қызындаймыз. Жатақхана – ортақ мекен болғандықтан, мұнда өзіндік ішкі ережелер бар. Әр студент тазалықты сақтауға, тыныштықты бұзбауға міндетті. Әсіресе сабақ уақыты мен сессия кезінде тыныштық ерекше қадағаланады. Кешкі сағат 23:00-ден кейін сыртқа шығуға шектеу қойылады. Бұл – жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған шара. Сонымен қатар, жатақханада кезекшілік жүйесі бар: әр бөлме кезекпен ас үйдің, дәліздің, ортақ бөлмелердің тазалығына жауап береді. Бұл – студенттердің ұжымдық жауапкершілігін арттырып, ұйымшылдыққа тәрбиелейді» дейді екінші курсқа аяқ басқан жас

ару. Аяулым үшін жатақхана – тек тұрмыстық орын емес, шыңдалу алаңы. Ол мұнда өз бетінше өмір сүруді, уақытын дұрыс бөлуді үйренген.

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің N1 жатақханасы – тек қана баспана емес, студенттік өмірдің нағыз қайнаған ортасы. Мұнда әр өңірден келген жастар бас қосып, үлкен өмірге қадам басады. Әр бөлме – кішкентай әлем, әр дәліз – студенттердің күлкісі мен әңгімесіне толы. Бұл жатақхана – жастық шақтың ең жарқын естеліктерін сыйлайтын орын. Жатақханадағы өмірдің бір ерекшелігі – бәрі ортақ. Асүй де, кір жуғыш та, демалыс бөлмесі де. Мұның өзі бізді ортақ тәртіпке, өзгенің құқығын сыйлауға үйретеді. Ал мерекелік кештер, спорттық жарыстар бізді бір-бірімізге жақындата түседі. Кейде ауылдан әкелген ұлттық тағамдарымызды бірге бөлісіп жейміз. Бұл – керемет дәстүрге айналған» дейді студент қыз.

Жалпы айтқанда, N1 жатақхана –

өткізілген әңгімелердің өзі бір шағын этнографиялық көрініс тәрізді: бірі домбыра тартып, ән салады, бірі айтыс өнеріне еліктейді, енді бірі ауылдағы қызықты оқиғаларды айтып, ортаны күлкіге бөледі.

Жатақхана әкімшілігінің де рөлі ерекше. Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамы, Жаңа жыл сияқты мерекелер қарсаңында жастардың қатысуымен кештер өтеді. Бұл – бір жағынан студенттердің шығармашылығын шыңдаса, екінші жағынан ұйымшылдықты арттырады. Әрине, жатақхана өмірінің өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Кейде тұрмыстық жағдайға байланысты келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Бірақ мұның бәрі жастарды сабырлы болуға, мәселелерді ортақ келісіммен шешуге үйретеді. Нұрсамалдың айтуынша, «осындай сәттердің бәрі ертеңгі күні бізді үлкен өмірге дайындайды».

Осы ойды Түркістан қаласынан келген, ағылшын тілі мамандығының 3-курс студенті Әйгерім Ораз да қолдайды. Оның айтуынша: «Жатақханада тұру – тек жайлы жағдайға ие болу емес, бұл ең алдымен үлкен өмірге бейімделу. Мұнда біз өз уақытымызды дұрыс бөлуді, бір-бірімізді сыйлап, түсіністікпен қарауды үйренеміз. Әр өңірден жиналған қыз-жігіттердің басы қосылғандықтан, мәдениетіміз бен көзқарасымыз алмасып, дүниетанымымыз кеңейеді. Бұл орта – ертеңгі ұстаз, болашақ маман ретінде бізге үлкен тәжірибе береді» – деген пікірде.

Сараптай келе, N1 жатақхана – студенттер үшін тек қана баспана емес, үлкен өмір мектебі екенін байқаймыз. Бұл жердің ерекшелігі – студенттерге жай ғана тұратын орын беріп қана қоймай, олардың әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамуына мүмкіндік жасауы. Мұнда Нұрсамал, Әйгерім мен Аяулым сияқты жастардың армандары ұштасып, болашаққа деген сенімі нығая түседі. Жастар бір-бірін құрметтеуді, қиындықты жеңуді, жаңа ортаға бейімделуді үйренеді. Бүгінгі кейіпкерлеріміздің әңгімелері – соның айқын дәлелі. Олар үшін жатақханада өткізген әр күн – болашаққа қаланған іргетас. Ертеңгі күні кәсіби маман атанғанда, дәл осы жатақханада басталған достықтар мен қызықты сәттер олардың жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ,
журналистика және
қоғаммен байланыс
кафедрасының 3 курс студенті





Парламент

ЕРНҰР СЕМБАЙ – СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ПРЕЗИДЕНТІ

«Менің мақсатым – жастардың дауысы мен ойын қоғамда естірту, олардың келешекке деген сенімін нығайту және еліміздің жарқын болашағына бірге қадам басу. Әрқайсысымыз өз орнымызда маңызды рөл атқарамыз, сол үшін жастардың мәселелері әрдайым бірінші орында болады». Бұл жаңа оқу жылында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенттік жастар Парламентінің президенті болып сайланған көптілді білім беру факультеті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығының 3 курс студенті Ернұр Сембайдың сайлауалды бағдарламасынан үзінді. Жалпы сайлауға тоғыз адам қатысып, одан бірінші турда бесеуі іріктеліп шықты. Ернұр қарсыластарының ішінен гуманитарлық және өнер факультеті журналистика мамандығының 2 курс студенті Қарақат Сәкенқызының дайындығы мен ықтималдығын жоғары бағалағанын айтады. Ернұр Сембай Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылында туып-өскен. Оқу орнының келешегінен көп үміт күттірген белсенді жастарының бірі.

–Жастардың белсенділігі – біздің күшіміз! Болашаққа бірге қадам басып, қоғамда өз орнымызды табу үшін мен әрқашан қатарластарыммен бірге әрекет етемін» – дейді ол.

Қазір Парламент құрамы жасақталуда. Сайлау кезінде көптің қолдауына ие болып, танылып үлгерген бұрынғы үміткерлер белгілі бір салалар бойынша министр қызметіне тағайындалуы мүмкін.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Мен жастарға ұсынатын үш кітап:
Бауыржан Момышұлы
«Ұшқан ұя»
Робин Шарма
«Лидер без титула»
Төлен Әбдік
«Парасат майданы»

Мен жастарға ұсынатын үш фильм:
«Жан» («Душа») мультфильмі
«Менің атым Қожа»
«Бақыт жолында»

Мен үлгі алатын үш тұлға:
Бауыржан Момышұлы
Бейсен Құранбек
Мұхтар Шаханов

Хоббиім:
Футбол, поэзия оқу, өлең шығару, спорт

Өмірлік ұстанымым:
«Аз-аздан үздіксіз»